

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай жоғары политехникалық колледжі» КМҚК
КГКП «Костанайский политехнический высший колледж»
Управления образования акимата Костанайской области**

**ОҚУ ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН
УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ КОМПЛЕКС ПО ДИСЦИПЛИНЕ //
ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ МОДУЛЮ**

БМ 01 «Кәсіптік қызмет аясында кәсіптік лексиканы қолдану»/
БМ 01 Применение профессиональной лексики в сфере профессиональной
деятельности

1014000 «Машина жасау технологиясы»
1014000 - «Технология машиностроения» (по видам)



Қостанай, 2019 ж

Құрастырған:

Каркинбаева Гаухар Алтаевна, қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы

Оқу әдістемелік кешен - студенттердің қазақша сөйлеу тілін коммуникативтік тұрғыдан дамыту арқылы қазақ тілін кәсіби мамандығына сәйкес қарым-қатынас құралы ретінде оқыту, олардың теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде іске асыру, сөздік қорын кәсіби лексикамен байыту, жазбаша сөйлеуін шығармашылық ізденістермен ұштастыру, қазақ тілін кәсіби бағдарлы меңгертуге арналған тапсырмалар, мәтіндер тапсырмалар мен кестелер және сөздіктерден құрастырылған.

Оқу-әдістемелік кешен 1014000 «Машина жасау технологиясы» бойынша оқитын студенттерге арналған

МАЗМҰНЫ

Тақырып 1.1 Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Тіл туралы Заң. Фонетика.....	5
Тақырып 1.2. Қазақ тілінің тарихы.	7
Тақырып 1.3 Сөз мәдениеті.	9
Тақырып 1.4. Заманауи қазақ тілі	11
Тақырып 1.5 Мәдени мұра: Тілдердің үштұғырлығы.	13
2 Бөлім. Менің мамандығым	
тақырып 2.1 Менің болашақ мамандығым техник-механик.....	14
тақырып 2.2 Мамандықты таңдауға ұмтылу. Мамандық таңдау мақсатым..	16
тақырып 2.3 ТМД-дағы машина жасау саласының дамуы. Мәтінмен жұмыс	17
тақырып 2.4 Еңбекті ғылыми ұйымдастыру Менің жұмыс орным. Монолог.	18
тақырып 2.5 Машина жасау кешені. Машина жасау маманның біліктілік сипаттамасы. Мәтінмен жұмыс	20
тақырып 2.6 Маманның еңбек қызметі. Автокөлікті жинау процесі. Сұхбат жасау.	22
тақырып 2.7 Маман қандай болуы тиіс? Сөйлеу түрлері	24
тақырып 2.8 Техник –механик мамандықтары туралы шыққан мақалалар. Мамандандырылған терминдер.....	26
3 Бөлім. Кәсіптік білім берудің негіздері	
тақырып 3.1 Ғылым және ғылыми жаңалықтар. Сөз тіркесі туралы түсінік..	28
тақырып 3.2 Ғылым қайраткерлері. Жай сөйлем синтаксисі.....	29
тақырып 3.3 Машина жасау технологиясының даму тарихы. Құрмалас сөйлем синтаксисі.....	30
тақырып 3.4 Машина түрлері. Кәсіби терминология	32
тақырып 3.5 Машина құрылғысы. Мәтінмен жұмыс.....	34
тақырып 3.6 Машиналарға эксплуатациялық сипаттама беру. Кәсіби сөздер.....	37
тақырып 3.7 Машина пайдалану қызметіне қарай. Терминдер.....	39
тақырып 3.8 Қозғалтқыштардың түрлері . Терминдер және сөз мәдениеті...	41
тақырып 3.9 Машина өнеркәсібі. Мәтінмен жұмыс.....	43
тақырып 3.10 Қазақстандағы машина жасау өндірісін жаңғырту мәселелері. Мамандық бойынша арнайы терминология.....	45
тақырып 3.11 Ғылым мен техника саласында қызықты жаңалықтар. Ғылыми хабарлама.....	47
4 Бөлім. Кәсіптік -бағдарлық мәтіндері	
тақырып 4.1 Машина жасау саласында дайындама алу әдістері.....	49
тақырып 4.2 Машина жасаудағы өндірістік және технологиялық процестер.....	51
тақырып 4.3 Машина жасау өндірісінің түрлері мен типтері.....	52.
5 Бөлім. Қазіргі заманғы іс қағаздары	
Тақырып 5.1 Құжат пен құжаттау туралы түсінік	54
Тақырып 5.2 Түйіндеме.....	56

Тақырып 5.3 Өмірбаян.....	58
Тақырып 5.4 Өтініш.....	60
Тақырып 5.5 Мінездеме.....	62
Тақырып 5.6 Кадр жөніндегі «Жеке іс қағазы»	65
Бақылау парағы.....	68
№ 1 Тексеру сынау түрі.....	69
№ 2 Тексеру сынау түрі.....	70
№ 3 Тексеру сынау түрі.....	71
№ 4 Тексеру сынау түрі.....	76
Терминдер сөздігі (глоссарий)	77
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	85

1 Бөлім. Тіл туралы ақпарат

Тақырып 1.1 Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Тіл туралы Заң. Фонетика

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Бүгінде Қазақстан Республикасында тұратын орыстар, украиндер, түріктер, немістер, кәрістер, тағы басқа ұлт өкілдері қазақ тілінде сөйлей бастайды.

Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына жатады. Тәуелсіз елдерінің Достастық мемлекеттерінде отыздан астам тіл түркі тілдер тобына енеді. Атап айтқанда: қырғыз, татар, әзірбайжан, өзбек, ұйғыр, башқұрт, кабардинбахар, тува, т.б.

Қазақ тілін білу осы мемлекеттегі жергілікті халықпен сөйлесуге, түсінісуге мүмкіндік береді.

Ертеректе қазақтар таспаға жазу үлгісін пайдаланған. Кейінірек арап харпін, сосын латын әліпбиін қабылдады. 1940 жылдан бері орыс жазбасына негізделген таңбалар тұрғысында жаңа әліпбиді пайдаланып келеді.

Ал қазақ әліпбиін орыс таңбасы негізінде құруда ағартушы – ұстаз Ыбырай Алтынсаринның еңбегі зор. 1879 жылы жазылған «Қырғыздар хрестоматиясы» кітабына орыс ағартушының тәрбиелік мәндегі шығармалары мен орыс ертегісі енгізіледі.

Сондықтан қазіргі қазақ әдеби тілін дамытуға Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаевтың зор еңбегі сіңді.

Фонетика.

Фонетика саласы дыбыс, әріп, буын, тасымал, екпін, үндестік заңын, орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктерін зерттейді.

Қазақ әліпбиін орыс таңбасы негізінде құруда ағартушы – ұстаз Ы.

Алтынсариннің еңбегі зор. Кейін қазақ әліпбиін Ахмет Байтұрсынұлы кеңінен зерттеді. Қазақ әліпбиі 1940 жылы орыс таңбасы негізінде құрылды. Әріптердің бір қатаң тізбекте келуін алфавит (Әліпби) дейміз. Қазақ тілінде 42 әріп бар. 37 дыбыс, 25 дауыссыз, 17 дауысты, қазақ тіліне тән 9 дыбыс. Дыбыстар екіге бөлінеді: дауысты және дауыссыз. Қазақ әліпбиін фонетика саласы зерттейді.

Дыбысты біз айтамыз, ал әріпті естиміз және жазамыз. Қазақ әліпбиін, дыбыс, әріптерді фонетика саласы зерттейді. Дыбыстар екіге бөлінеді: дауысты және дауыссыз. Дауысты дыбыстарды айтқанда ауа кедергісіз шығып, үн арқылы жасалады. Ал дауыссыз дыбыстарды айтқында ауа кедергіге ұшырап салдырдан жасалады. Дауысты дыбыстар 6-ға бөлінеді: жуан (а, о, ұ, ы,), жіңішке (ә, ө, ү, е, і, и), еріндік (о, ө, у, ү, ұ), езулік (а, ә, і, и, ы, е), ашық (а, ә, е, о, ө), қысаң (ұ, ү, ұ, у, ы, і, и). дауыссыз дыбыстар 3 –ке бөлінеді: ұяң (б, в, г, ғ, д, ж, з), үнді (м, н, ң, й, у, р), қатаң (к, қ, п, т, с, ц, ф, ш, щ, х, ч, ғ).

Мысалы: оқушы-5 әріп, 5 дыбыс, 3 дауысты, 2 дауыссыз, 3 буын: о – ашық буын, қу – ашық буын, шы – ашық буын.

о – жуан, ашық, еріндік дауысты дыб.

қ – қатаң дауыссыз дыб.
у – жуан, еріндік, қысаң дауысты дыб.
ш – қатаң дауыссыз дыб.
ы – жуан, қысаң, езулік дауысты дыбыс

1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз және мазмұнын түсіндіріп беріңіздер.

2-тапсырма. Мәтіннің қысқаша конспектіні жасаңыздар.

3-тапсырма. Мәтінді қазақ тіліне аударыңыздар:

Казахский язык является национальным языком казахского народа, проживающего в Республике Казахстан, в республиках Средней Азии: Узбекистане, Туркмении, Киргизии, а также в других странах ближнего и дальнего зарубежья: Российской Федерации, Азербайджане, на Украине, Литве, Эстонии, Афганистане, Иране, Турции, Швеции, Нидерландах, Иордании, Саудовской Аравии, Пакистане, Австралии, Швейцарии, Норвегии, Сирии, США, Англии, Синьцзян- Уйгурском автономном районе КНР и Монголии.

Казахский язык является государственным языком Республики Казахстан. Казахский язык принадлежит к северной-западной (кипчакской) ветви тюркских языков.

4-тапсырма. Тілге байланысты мақал-мәтелдердің жалғасын табыңыздар.

1. Тіл - достықтың
2. Тілі өлген ел -
3. Өз тілің - бірлік үшін,
4. Тіл сүйексіз болса да,
5. Аузы құлып сандықты тіс ашпаса,
6. Аңдамай сөйлеген
7. Шебердің қолы — ортақ,
8. Бас кеспек болса да,
9. Піл көтермегенді
10. Ана сүті бой өсіреді,

5-тапсырма. Орысшадан аударып тиісті сөздерді қойыңыздар.

Қазақ(язык)-(государственный) тіл. Қазақ тілі – (красивый) тіл, (богатый) тіл. Қазақстанда тұратын (нация(ы) басқа (народ)тар да қазақ тілін үйренуге көңіл қояды. (Они)қазақ тілін (кружок) лерде, (общество)дарда,(школа)тер мен институттарда оқып біледі.

Қазақстанда (много)теген ұлт (представитель)дері тұрады. Олар Қазақстанды өз (народ)і санайды.(Но) өз (родной язык)ін ұмытпауға тырысып үйренуде.

6-тапсырма. Мемлекеттік, қазақ тілі, республика, әліпби, қыпшақ сөздеріне фонетикалық талдау жасаңыздар.

Тақырып 1.2. Қазақ тілінің тарихы.

Қазақ тілі тарихы – қазақ тілін зерттейтін ғылым саласы. Қазақ тілі тарихы шартты түрде: а) ұлттық тіл білімі қалыптасқанға дейінгі кезең; ә) ұлттық тіл білімі қалыптасқан кезең болып екіге бөлінеді. Ұлттық тіл білімі қалыптасқанға дейінгі кезең 19 ғ-дың 2-жартысынан басталады. Қазақ тілінің граммат. құрылысы туралы алғашқы мәліметтер Н.И.Ильминскийдің «Материалы к изучению киргиз-казахского наречия» (1860–61) деген еңбегінде ұшырасады. Бұл – қазақ тілінің кейбір ерекшеліктерімен таныстыруға арналған тұңғыш еңбек. Кейін М.А.Терентьевтің «Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская» (1875), П.М.Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казах-киргизского языка» (1894, 1897), В.В.Катаринскийдің «Грамматика киргизского языка» (1897), т.б. еңбектер жарық көрді. Қазақ тілін таныстыру мақсатын көздегендіктен бұл еңбектерде белгілі бір категориялардың сырын ашу, оның ерекшеліктерін анықтау жағы қарастырылмаған. Олар негізінен қазақ тілінің заңдылықтарын, орыс тілімен салыстырып, сол тілдің негізінде түсіндіруге тырысты. 19 ғ-дың 2-жартысында қазақ тілінің лексикографиялық жұмыстары қауырт қолға алынып, дами бастады. Ұлттық тіл білімі қалыптасқанға дейінгі кезеңде 40-қа жуық сөздік жарық көрді.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, өздеріңізге белгілі сөздерді орыс тіліне аударыңыздар.

2-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беру

Өте ертеде бір дана қария өмір сүріпті. Ол дүниеден көз жұмар алдында қасына ұлын шақырып алып:

- Балам, менің мына дүниемен қоштасар күнім жақын. Өзіңе қалдырып бара жатқан бір асыл қазынам бар. Сен соны іздеп тап, ұқыпты пайдалан, ұқыпты қолдан,- депті....

Күндердің күнінде бала әкесі қалдырған қазынаны іздеймін деп әбден шаршайды. Бірақ әкеден қалған қазына таптырмайды. Амалы таусылған бала ел ішіндегі көпті көрген бір қариядан сұрайды.

- Әкеңнің сөзі рас, балам. Оның саған қалдырған мұрасы – тіл. Сенің әкең сөзге шешен кісі еді ғой. Бәріміз де сөз асылын сол кісіден үйрендік. Тілден қымбат қазына жоқ,- деп ақылгөй қария аталы сөздің шешуін айтып беріпті. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру:

1) Әкесі баласына тілді неліктен мұра етіп қалдырған? (Халықтың талай ғасырлар барысында жасаған материалдық байлығы мен рухани мәдениетін, әдебиетін, ұлттық дәстүрін ұрпақтан - ұрпаққа жеткізетін тіл. Қарияның баласына қалдырған асыл мұрасы - тіл арқылы жететін өнер - білім, мәдениет, ғылым, өткен - кеткен тарих, ата - баба дәстүрі.)

2) Тілден қымбат қазына жоқ дегенге келісесіңдер ме? (Әр халықтың тілі - өзіне тән қымбатты да қимас қазынасы)

3) Ана тілін неліктен қымбат қазынаға теңейді?

3-тапсырма. Берілген сұрақтарға орыс тілінде жазбаша жауап беріңдер.

1. Қазақстанда Мемлекеттік тіл қай тіл?
2. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебесін қай жылы алды?
3. Тіл туралы Заң қай жылы қабылданды?
4. Заң неше тараудан, неше баптан тұрады?
5. Қазақ тілі- мемлекеттік тіл деп нешінші тарауда, нешінші бапта айтылған?

4-тапсырма. «Тіл» сөзіне синквейн құрастыру

1 зат есім

2 сын есім

3 етістік

4 сөйлем

5 синоним

Грамматикалық тапсырма.

5-тапсырма. Берілген тәуелденген сөздерді септіңіздер.

Тілім, елім, қазынам.

Тақырып 1.3 Сөз мәдениеті.

Сөз мәдениеті орыс. культура речи — әдеби тілдің ауызша түрлеріне тән нормаларын игеру, тілдік амал-тәсілдерді айтылатын ойдың мақсатына сай орнымен қолдана білу, сөйлеуде мәдениеттілік, әдептілік таныту. Сөз мәдениеті қазіргі әдеби тілдің жұртшылық таныған, үлгі тұтқан нормаларын жеке адамдардың сақтауын талап етеді. Сөйлеуде диалектизмдерді, қарапайым, дөрекі сөздерді, варваризмдерді қолдану, орынсыз көп сөйлеу, бір пікірді қайталау беру, өзіне өзі сілтеме жасау, асқақтап сөйлеу, дене қимылдарын араластыра беру Сөз мәдениетіне жатпайды. Кірме сөздерді орынсыз жұмсай беру, сіреспе құрылымдарды қолдану Сөз мәдениетіне нұқсан келтіреді. Сөз мәдениеті сөйлеу әдебі деген ұғыммен ұштасып жатыр. Сөз мәдениеті теориясының дамуында лексикография, әсіресе нормативті түсіндірме сөздіктер, орфоэпиялық, орфографиялық, синонимдік т. б. арнаулы сөздіктер маңызды орын алады. Қазақ тіліндегі Сөз мәдениетінің дамуына ауыз әдебиетінің өкілдері және Абай, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, т.б. шығармаларының ықпалы зор болды. Қазақ тіл білімінде Сөз мәдениетінің мәселелерін А. Байтұрсынұлы, М. Балақаев, Р. Сыздықова т. б. ғалымдар зерттеді.

Кенестік орыс тіл білімінде Сөз мәдениетінің теориялық мәселелерін Л. В. Щерба, В. В. Виноградов, Г. О. Винокур, Р. И. Аванесов, С. И. Ожегов, Ф. П. Филин т. б. зерттеді.

1-тапсырма. Мәтінді оқып шығындар, 3 сұрақ құрастырындар.

2-тапсырма. Ғ. Мүсіреповтің сөзін орыс тіліне аударындар.

Тілді қадірлеу дұрыс сөйлеуден басталады. Жүйесін тауып айтылған сөз жүрекке жетіп, жүйкені басатады. Адам мәдениетінің алғышарты – дұрыс сөйлей білу. Түсіне білгенге сөйлей білу де өнер. Тілін білмеген түбін білмейді. Ондай адам күлдірем деп, күйдіреді; сүйсіндірем деп, сүріндіреді; білдірем деп, бүлдіреді; қуантам деп, қуартады; келтірем деп, кетіреді.

3-тапсырма. Мәтінді оқып, сөйлеу тілі мәдениеті талаптарымен танысыңыздар.

Өмір, тіршілік адамдардың бір-бірімен араласуын, қарым-қатынас жасауын қажет етеді. Адамдардың қарым-қатынас жасайтын, түсінісетін негізгі құралы – тіл. Дұрыс қарым-қатынас жасау үшін әр адамның сөйлесе білуі керек. Сөз, сөйлесу мәдениетін меңгеріп, оны өз бойында қалыптастыруы тиіс.

Сөз мәдениеті сөздерді мағынасына қарай дұрыс қолдану, сөйлеу үстінде оларды бір-бірімен қиюластырып, үндестіріп дұрыс айту, емле мен тыныс белгілері ережелерін сақтап сауатты жазу, тілдің ғасырлар бойғы сұрыпталып келген көркемдігі мен әсем өрнегін орнымен қолдану.

Әрбір сөзді, сөйлемді, сөз тіркесін айтылмақ ойдың мазмұнына сәйкестендіріп айту-сөйлеу тілі мәдениетінің басты талаптарының бірі.

Сөздік:

қиюластыру – сочетать, совместить;

үндестіру – сочетать звуки, гармонизировать;

сұрыптау – сортировать.

4-тапсырма. Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құраңыздар.

Мәдениетті сөйлеу, ақылды болу, тапсырмаларды орындау, үш тілді білу, сөз мәдениеті.

Грамматикалық тапсырма.

5-тапсырма.

А) Берілген сөздерді тәуелдеңдер: білім, мәдениет, тіл

Ә) Берілген сөздерді сөз құрамына талдаңдар: адамдардың, айтылатын, дамуына, әдебиетінің, сүйсіндірем, мағынасына.

Тақырып 1.4. Заманауи қазақ тілі

Қазақстан - әлемдегі ең мықты, бәсекеге қабілетті елдердің қатарына ену үшін қазақ тілін жоғары мәртебеде ұстауы керек. Иә, тіл мәселесі - аса күрделі, аса жауапты мәселе. Қазақ елі барда, қазақ тілі де болады. Өседі. Өркендейді. Тіл пайдаланылып жүрген кезде өшпек емес, қоғамдық қатынастарды толымды түрде және белсене пайдаланатын тіл болып тұрған кезде ұлт өмір сүре бермек. Еліміз бен тіліміз мәңгілік жасай берсін. Ұлт болашағы жастардың қолында, ал тіл - ұлттың жаны. Сол себепті ұлтымызды сақтап қалғымыз келсе, ең алдымен, тілімізді түзетейік, шұбарлануына жол бермейік. Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте. Қазір қай басылым бетіне қарасаңыз да, тіл мәселесі. Мемлекеттік тіліміз қашан өзіндік ең биік тұғырға мінгенше, бұл тақырыпты тіл жанашырлары жалғастыра жаза да, айта да берері даусыз.

1- тапсырма. Мәтінді оқып, мағынасын түсіңіздер.

2-тапсырма. Ғаламтордан қазіргі қазақ тілі туралы мақал-мәтелдерді және нақыл сөздерді іздеп, дәптерге жазып алыңыздар.

3-тапсырма. «Қазақ тілі» тақырыбына кластер құрастырыңыздар.

4-тапсырма. Тіл туралы тестті орындаңыздар.

1. Қазақ тілі қай жылы мемлекеттік мәртебесін алды?

а) 1991

ә) 1989

б) 1987

2. Қазақ тілі қандай тілдер тобына жатады?

а) араб

ә) парсы

б) түркі

3. Тіл туралы Заң қашан қабылданды?

а) 1997

ә) 1990

б) 1989

4. Ол неше баптан тұрады?

а) 30

ә) 22

б) 27

5. Қазақстан Республикасының тілдер мерекесі қашан тойланады?

а) 16 желтоқсан

ә) 30 тамыз

б) 22 қыркүйек

6. Тіл туралы Заңының нешінші бабында Қазақ тілі туралы айтылған?

а) 4

ә) 5

б) 7

7. Мемлекеттік тілді неге үйреніп жүрсің?

а) ол бағдарламада бар

ә) менің парызым

б) маған ұнайды

8. Қанатты сөздерге не жатады?

а) ертегілер, мақал-мәтелдер

ә) мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, тұрақты сөз тіркестері

б) сөз тіркестері, нақыл сөздер

Грамматикалық тапсырма.

5-тапсырма. Қосымшасын жалғап жазыңыз

Күйдіретін де, сүй_____ де, асқата_____ да, өсір_____ де, өшір_____ де,

көтер_____ де, төменде_____ де тіл.

Тақырып 1.5 Мәдени мұра: Тілдердің үштұғырлығы.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев үш тілді білуді міндеттеп отыр. үш тілде білім беру жүйесіне келсек, Қазақстанның әрбір болашақ жас өскіні - болашақта әлеуетті, прогресті, жан-жақты дамыған интеллектуал, эрудит болып, кез келген елдің азаматымен білім-ғылым, заманауи прогресс жолында бәсекеге қабілетті болып, тартысқа түсуі үшін үш тілді білім беру жүйесінен тәлім алуының маңызы өте зор. Президентіміз Жолдауында көрсеткендей, қазіргі кезде әлемдік ғылыми ақпараттың 90 пайыздан астамы ағылшын тілін қолдануда. Елімізді өркениет жолына шығарамыз десек, осы көштен кейін қалмауымыз қажет. Оны түсінбейтін қазақ жоқ. Бірақ Елбасымыз көрсеткендей, бұл кезең-кезеңмен, салмақтап жүзеге асатын дүние. Қазақ: «Сабыр түбі - сары алтын» дейді, бұл жүйеге тек сабырмен, төзіммен қарап, болашақтың жарқын сәтінен үміт күтейік. Сол уақытта жаңа технологиялардың тетігін ұстайтын қазақ балалары үш тілді білім беру жүйесінен білім алғандықтан, өз ойларын бүкіл әлемге емін-еркін айтары анық.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, тілдердің үштұғырлығы жайлы оқытушымен ой бөлісіңдер.

2-тапсырма. Мәтінді орыс тіліне аударыңдар.

« Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек. Олар: қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қарым - қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Басқаша айтқанда, үштұғырлы тіл идеясын мынадай әрі қарапайым, әрі түсінікті формуламен көрсетуге болады: мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз»

3-тапсырма. Мақал- мәтелдердің жалғасын қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жазыңдар.

1.Адам басшысы-.....

2. Нет дыма без

3. Лучше чем никогда

4. Ана сүті бой өсіреді,.....ой өсіреді.

5. Чистота залог

7. Жердің сәні егін, ердің сәні

8. Дерево крепко корнями. Человек

4-тапсырма. Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады?

Көп тілді білетін адам кім?

Тілдер мерекесі қай айда тойланады?

Сен қандай тілдерді білесің?

Қандай тілді игергің келеді?

5-тапсырма. «Менің тілім» тақырыбында шағын шығарма жазыңыздар.

2 Бөлім. Менің мамандығым

Тақырып 2.1 Менің болашақ мамандығым - техник-механик.

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1.Сенің мамандығың қандай?

2.Сен өз мамандығың туралы не білесің?

3.Мамандық таңдамауыңның себебі неде?

4.Сенің мамандық таңдауыңа кім әсер етті?

5.Қай жақта оқығанды ұнатасың?

6.Сен оқуға түскеннен кейін оқудың қиындығына төзе аласың ба?

Адамның мамандық таңдауына оның әлеуметтік жағдайы әсер ете ме?

2-тапсырма. Мәтінді оқып шығыңдар, қазақ тіліне аударыңдар.

Техники-механики выполняют технические задачи при проведении исследований в области машиностроения, а также при проектировании, изготовлении, монтаже, строительстве, эксплуатации, техническом обслуживании и ремонте машин, узлов и механического оборудования.

В их обязанности входит:

- оказание технической помощи в области изучения и развития машиностроения и создания новых механических сооружений, их установки и комплектования, а также тестирования действующих аналогов;
- проектирование и создание макетов машин и механических систем, оборудования и комплектующих материалов в соответствии с установленными техническими параметрами;
- подготовка детальных оценок количества и стоимости материальных и трудовых затрат, необходимых для производства и монтажа оборудования в соответствии с установленными спецификациями;
- обеспечение технического контроля за изготовлением, монтажом, использованием, обслуживанием и ремонтом машин и механических установок в целях его удовлетворительной работы в соответствии со спецификациями и правилами;
- разработка и контроль за соблюдением правил безопасности, стандартов и процедур проведения морских разведочных работ применительно к корпусам судов, судовому оборудованию и грузам;
- монтаж и установка новых и усовершенствованных механических узлов, комплектующих изделий, станков и средств контроля, а также гидроэнергетических систем;
- проведение испытаний механических систем, сбор и анализ полученных данных, а также сборка и установка механических узлов для оказания помощи инженерам-механикам;
- обеспечение проведения работ от начала проектирования механических конструкций вплоть до их завершения на основе действующих спецификаций, правил и условий договора.

3-тапсырма. «Әріптерден басталатын мамандық». Бұл жаттығудағы негізгі мақсат студенттерге мамандық түрлерін таныстыру. Топты 2 - топқа бөлемін. Топтарға әріптер беріледі. Студенттер міндеті сол әріптерден басталатын мамандықтардың атауларын барынша көбірек жазып, сол мамандықтар туралы өз пікірлерін айту керек.

А, Д, Ж, И, С, З, Ш, Т, М, Э

4-тапсырма. Бұл тапсырманы орындау үшін студенттер өзі келісетін, келіспейтін тұжырымдарды таңдап алып, пікірлерін ортаға салады.

1. Мамандық бір-ақ рет және біржола таңдалады.
2. Мамандық таңдау қалтаның қалыңдығына байланысты.
3. Мамандық таңдау адамның қабілетіне, бейімділігіне тікелей байланысты.
4. Отбасы мен достарыңның ақылына сүйеніп мамандық таңдауға болады.
5. Қартайғанда да мамандық таңдауға болады.
6. Жақсы білім алу үшін, қымбат оқу орнына түсу керек.
7. Ақша болса, мамандық қажет емес.
8. Мамандық таңдауда психологтың көмегі қажет.
9. Мамандық таңдаудағы басты өлшем – қызығу мен қоғамдық сұраныстың сәйкестігі.
10. Таңдайтын мамандығымды болашақ табысым айқындайды.
11. Мамандық таңдау – күнкөріс қамы.

Грамматикалық тапсырма.

5-тапсырма.

А) «Мамандық» сөзін тәуелдеңдер.

Ә) «Мамандықтарымызды» сөзін сөз құрамына талдаңдар

Тақырып 2.2 Мамандықты таңдауға ұмтылу. Мамандық таңдау мақсатым

Мамандық таңдау деген — өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау. Мамандық – қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Біреулер үшін – ол ойға алған арманның орындалуы, отбасы дәстүрін жалғастыру, келесі біреулер үшін – жаңалыққа, дербестікке талпыныс, үшінші біреулерге — әйтеуір бір мамандық алу керек болған соң. Мамандық таңдау – тағдырыңды таңдау деген сөз. Кейінгі өмірде өкінбейтіндей, өз қабілеті мен бейімділігіне сай кәсіп түрін таңдау. Бұл — өте жауапкершілікті және маңызды іс.

Мамандықты таңдау үшін, адам ең алдымен өзін, өз бейімділігін тануы қажет. Өз — өзіне «Мен кімін?», «Осы өмірдегі менің орным қандай?», «Қалай өмір сүремін?» деген сұрақ қоюы керек деп ойлаймын. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйенуі керек.

1-тапсырма. Жағдаяттық сұрақтар

А) Сен өзіңе ұнаған мамандықты таңдадың, бірақ ол мамандыққа ата-анаң қарсы. Сен не істер едің?

Ә) Ата-анаң саған бір мамандықты таңдап берді, бірақ ол мамандық саған ұнамады. Сен ата-анаңның шешіміне қарсы боласың ба?

2-тапсырма. «Мамандық таңдау – жауапты іс» деген тақырыпта шағын шығарма жазыңыздар

3-тапсырма. Мәтінді орыс тіліне аударыңдар.

Әрбір адам өмірден өз орнын табуға тарысады. Көп ойланады, әкешешесімен немесе ересектермен ақылдасады. Жұмыс, кәсіп – адам үшін мол табыс көзі. Біздің қоғамымызда мамандығыңа қарай әртүрлі салада жұмыс істеуге болады. Алдына қойған мақсатқа жету оңай емес.

4-тапсырма. Болашақтың 10 мамандығын жазыңдар

5-тапсырма. Морфологиялық талдау жасаңдар.

Мамандық таңдау деген — өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау. Мамандық – қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі.

Тақырып 2.3 ТМД-дағы машина жасау саласының дамуы. Мәтінмен жұмыс
Машина жасау бүкіл әлемде ұлттық өнеркәсіптің технологиялық деңгейінің көрсеткіші ретінде қабылданады. Бұл сала жанама салаларды дамыту үшін мультипликативтік әсер береді, халықтың жұмыспен қамтылуын бірнеше рет ұлғайтады және сол арқылы тұтастай алғанда экономиканың бәсекеге қабілеттігін қамтамасыз етеді. Ендеше, Қазақстан экономикасының өсуі машина жасаудың озық өсуімен қатар жүруі тиіс. Бұл өнеркәсіп кәсіпорындарындағы механикаландыру деңгейін арттыруға және республика экономикасы салаларындағы еңбек өнімділігін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасында машина жасауды дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасын Үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарының 5-тармағы болып табылады. Бағдарлама жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жоғары технологиялық және қазіргі заманғы жабдықпен жаңғыртуға, халықаралық стандарттың бәсекеге қабілетті өнімін шығару бойынша жаңа кәсіпорындар құруға, барлық жұмыс істеп тұрған отандық машина жасау кәсіпорындарының байланыстары мен кооперациясын дамытуға бағытталған.

1-тапсырма.

Мәтінді оқып, берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Машина жасау технологиясы елдің дамуына әсер етеді ме?
2. Машина жасаудың экономикадағы рөлі.
3. елімізде машина жасау технологиясының дамуына не істеу керек?

2-тапсырма. «ТМД-дағы машина жасау саласының дамуы» тақырыбына диалог құрастырыңдар.

3-тапсырма. Мәтінді орыс тіліне аударыңдар.

Өндірісі өркендеген кез келген елдің дамыған экономикасының маңызды көрсеткіші машина жасау өнеркәсібі болып табылады. Өркениет биігіне ұмтылған тәуелсіз Қазақстан да өзінің экономикасын әртараптандыру үрдісінде машина жасау саласын дамытуға барынша ден қойып келеді.

4-тапсырма. Берілген сөйлемге синтаксистік талдау жасаңдар.

Машина жасау бүкіл әлемде ұлттық өнеркәсіптің технологиялық деңгейінің көрсеткіші ретінде қабылданады. Бұл сала жанама салаларды дамыту үшін мультипликативтік әсер береді. Өндірісі өркендеген кез келген елдің дамыған экономикасының маңызды көрсеткіші машина жасау өнеркәсібі болып табылады.

Тақырып 2.4 Еңбекті ғылыми ұйымдастыру. Менің жұмыс орным. Монолог. «Машина жасау технологиясы» мамандығын игергендер агроөнеркәсіптік кешен кәсіпорындарында, транспорт, индустрия және машина жасау салаларында, мемлекеттік басқару ұйымдарында, әскери-өнеркәсіптік, жобалық-конструкторлық және ғылыми-зерттеу ұйымдары, әртүрлі меншік түріндегі фирмаларда технолог, конструктор, инженер, менеджер, учаске бастығы бола алады.

1-тапсырма. Сұраққа жазбаша жауап беріңдер.

Машина жасау технологиясы бойынша техник-механиктің жұмыс орны.

Монолог құрастырыңдар

2-тапсырма. Берілген суреттерге қарап сөйлем құрастырыңдар.



3-тапсырма. Төмендегі берілген сөздерге сипаттама беріңдер.

1. Жұмыс құралы: техника, транспорт;
2. Еңбектің мақсаты:
3. Еңбектің орындалуы:
4. Еңбектегі қарым-қатынас ортасы:
5. Еңбектегі жауапкершілік;
6. Жұмыстың ерекшелігі:
7. Жұмыстың ауыртпалығы:
8. Жұмыс уақыты:
9. Сол жұмысқа қажетті білімнің деңгейі:

4-тапсырма. Таңдаған мамандығың туралы білесің бе?

Нұсқау: Берілген сұрақтарға “иә” немесе “жоқ” деп жауап беру қажет.

1. Таңдаған мамандығыңның мазмұны туралы білесің бе?
2. Болашақ мамандығыңа қоятын талаптарды, еңбек ақысы туралы білесің бе?
3. Таңдаған мамандығыңды қай оқу орны дайындайды?
4. Таңдаған мамандығыңа жеке қасиеттерің, қабілетің сай келе ме?
5. Таңдап отырған мамандығыңа білімің сай келе ме?
6. Таңдаған мамандығыңды игеруге мектептегі пәндердің қайсысы қажет екендігін білесің бе?

5-тапсырма. Берілген зат есімдерді сызба бойынша талдаңдар.

Кәсіпорындарында, мамандығын, еңбектегі

1. Құрам (түбір, жұрнақ, жалғау санайсыздар)
2. Туынды/негізгі
3. Дара/күрделі
4. Лексикалық мағынасы
5. Грамматикалық мағынасы (сөз құрамына талдау)
6. Сұрағы
7. Сөз таптарының түрлері

Тақырып 2.5 Машина жасау кешені. Машина жасау маманның біліктілік сипаттамасы. Мәтінмен жұмыс

Машина жасау — бұл еңбек құралдарын, көліктерді және де қолданыстағы заттар мен қорғаныс өнімдерін жасайтын өндіріс салаларының кешені.

Машинажасау салалары физика, инжиниринг және материалтанудың білімдерін қолдана отырып механикалық жүйелерді құрастыруға, өндіруге және оларға қызмет көрсетуге қолданады. Машинажасау үш топқа бөлінеді:

- көп уақыт қажет ететін;
- көп металл қажет ететін;
- көп ғылыми жұмысты қажет ететін.

Өз кезегінде бұл топтар келесі салалық топтарға бөлінеді:

- ауыр машинажасау;
- жалпы машинажасау;
- орта машинажасау;
- нақты машинажасау;
- металл бұымдары мен дайындамаларды өндіру;
- машиналар мен жабдықтарды жөндеу.

1-тапсырма. Машина жасау топтарының салалық топтарын орыс тіліне аударыңдар.

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, көшіріп жазыңдар.

Қазақстанның тұрғын ... шағындығына байланысты, машина жасаудың барлық бірдей жоғары деңгейде дамыту мүмкін емес. Сондықтан олардың алдында ең маңыздылары мен барларын таңдап алу міндеті тұр. Оларға, ең алдымен мұнай,, ауыл шаруашылық және көліктік машина жасау салаларын..... Алғашқы үш сала Қазақстанның өлуетінің өсуіне ықпал етуі тиіс. Көліктік машина жасаудың міндеті - ел ішіндегі көптеген өндірістердің жағдай туғызу. Әзірге біздің елімізде тек құрастыру ғана құрылған. Олардың ішіндегі ең ірісіне Өскемен (жеңіл автокөлік), Көкшетау (жүк таситын автокөлік), Семей (автобус) жатады. Өскемендегі «Азия-Авто» автомобиль құрастыру зауыты қазірдің кезінде олар Талдықорғаннан алады. Болашақта бөлшектер мен басқа ... 50%-ын Қазақстанның зауыттары шығаратын болады.

Тиісті сөздер: салаларын, қалалары, экспорттық, халқының, , жатқызуға болады, кәсіпорындары, металлургия, аккумуляторды, дамуына, материалдардың, болашағы.

3-тапсырма. Тест тапсырмасын орындаңдар.

Машина жасау кешенінің құрамы қанша топқа бөлінеді ?

а) 4 ә) 5 б) 3

2. Машина жасау зауыттарында металл балқыту.

а) машина жасау ә) металл өңдеу б) «кіші металлургия»

3. Машиналар мен құрал-жабдықтар шығару саласы.

а) машина жасау ә) металл өңдеу б) «кіші металлургия»

4. Металл конструкцияларын даярлау, машиналар мен құрал-жабдықтарды жөндеу.

а) машина жасау ә) металл өңдеу б) «кіші металлургия»

5. Қазақстанның машина жасау кешені

а) кешенді сала ә) маманданған сала б) жетекші сала

6. Трактор шығаратын зауыт орналасқан қала.

а) Өскемен ә) Павлодар б) Петропавл

7. Машина жасау үшін қолданылатын химиялық тауар.

а) каучук ә) гипс б) фосфорит

4-тапсырма. Берілген сөздермен сөз тіркестерін жасаңдар. 3 сөйлем құрастырыңдар.

Салалық, машина, металл, білім, техникалық, жүйе, жабдық, жұмыс.

5-тапсырма. Берілген етістіктерді сызба бойынша талдаңдар: жөндеу, жасайтын, көрсетуге қолданады.

1. Құрам (түбір, жұрнақ, жалғау санайсыздар)

2. Туынды/негізгі

3. Дара/күрделі

4. Лексикалық мағынасы

5. Грамматикалық мағынасы (сөз құрамына талдау)

6. Сұрағы

7. Сөз таптарының түрлері

Тақырып 2.6 Маманның еңбек қызметі. Автокөлікті жинау процесі. Сұхбат жасау.

Автокөлік немесе машина, өздігінен қозғалатын, жолаушыларды, сондай-ақ өз қозғалтқышын немесе моторын тасымалдауға арналған, моторлы және дөңгелекті көлік түрі.

XXI ғасырда автокөлік негізгі технологиялық құрал есебінде саналады. Жүздеген миллион тонна жүк, миллиондаған адам, т.б. жүктер автокөліктермен тасымалданады. Барлық алдыңғы қатардағы мемлекеттер өте тиімді саналатын автокөліктер шығарумен айналасады. Олар дарынды адамдардың бірнеше ұрпақтарының ғылыми ізденісі нәтижесінде шығарылуда.

Автокөліктердің республика үшін ерекше маңыздылығы Қазақстанның кең байтақ аумағы және халық тығыздығының сиректігі алдын ала анықтайды. Бұл жекелеген өңірлер үшін жүктерді және жолаушыларды жеткізудің бірден-бір құралы болып табылады.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, мағынасын түсініңдер.

2-тапсырма. Берілген әріптерден сөз құрастырыңдар.

пррпатауаа, мнаднамау, млетгяалулық, рбқұқа-ладыж, әіопрскын, мсжыркүе, тааузытр, ыонқдғыр, рөііндс, кртоатр.

3-тапсырма. Берілген мәтінді болымсыз түрге айналдырыңдар.

XXI ғасырда автокөлік негізгі технологиялық құрал есебінде саналады. Жүздеген миллион тонна жүк, миллиондаған адам, т.б. жүктер автокөліктермен тасымалданады. Барлық алдыңғы қатардағы мемлекеттер өте тиімді саналатын автокөліктер шығарумен айналасады. Олар дарынды адамдардың бірнеше ұрпақтарының ғылыми ізденісі нәтижесінде шығарылуда.

4-тапсырма. Берілген сөздерді аударыңдар.

Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Шетел тілінде
Аумақ		
	Эффективно	
		market
Мемлекет		
		enterprise
	Ремонтировать	
	Кризис	
Жобалар		
		Metallurgy

5-тапсырма. Берілген сын есімдерді талдаңдар: дөңгелекті, ғылыми, тиімді, технологиялық.

1. Құрам (түбір, жұрнақ, жалғау санайсыздар)
2. Туынды/негізгі

3. Дара/күрделі
4. Лексикалық мағынасы
5. Грамматикалық мағынасы (сөз құрамына талдау)
6. Сұрағы
7. Сөз таптарының түрлері

Тақырып 2.7 Маман қандай болуы тиіс? Сөйлеу түрлері

Мамандық дегеніміз не?

- Біздің болашағымыз – біздің мамандығымызда;
- адамның болашаққа апаратын жолы;
- адамның алдағы уақытқа қойған мақсатының бірі;
- мамандық бойынша адам жұмыс істейді;
- оқуды бітіргеннен кейін таңдайтын мамандық;
- ол белгілі бір кәсіпке ие болу бейіндігі, ұнату, таңдау, арманыңды іске асыру;
- мамандық сөзі ол жұмыспен сипатталады;
- келешекке қойған жоспары, мамандығын ойдағыдай бітірсе, игерсе сол
- адам жаны қалаған қабілеті бар кәсіпкерлік жұмыспен айналысады.

Болашақта адам не істейтіні қаржы жағдайына, әлеуметтік мәртебеге, сіз қиылысу керек және қарым-қатынас жасайтын қоғамға, бүкіл өміріңізге әсер етеді. Таңдау мәселесі қазіргі уақытта көптеген мамандықтар бар, олардың арасында біреуін ғана таңдауға тура келеді.

Өз ісінің нағыз маманы атану екінің бірінің еншісіне бұйырмаған. Ол үшін ең алдымен мамандығыңызға деген махаббат керек. Махаббатпен істелген жұмыс қана нәтиже бермек. Екінші сөзбен айтқанда, мамандығыңыз сіздің сүйікті ісіңізге айналуы қажет. Бұл жағдайда адам жұмысқа ерекше құлшыныспен кірісіп, жұмысынан ләззат алады.

Өз жаныңызға жақын мамандықты іздеп табу да барынша күрделі жұмыс.

1-тапсырма. Әңгімелесу

- Адам өз мамандығын таңдаған кезде, нені басшылыққа алу керек деп ойлайсыңдар?
- жақсы маман болуы үшін адам нені білуі және нені үйренуі қажет?
- Адам өзін белгілі бір мамандыққа қашан, қалай дайындауы керек деп ойлайсыңдар?
- Адам бірнеше мамандықты меңгерсе, оның өмірі қандай болады деп ойлайсыңдар?
- Қай уақытта адам өз еңбегінің жемісін көре алады?

2-тапсырма. Мәтінмен танысып, орыс тіліне аударыңдар.

Қызметкердің кәсіби маңызды қасиеттері

Психофизиологиялық параметрлер

Эмоционалды-психологиялық тұрақтылық, дамыған ерік саласы, қысқа және ұзақ мерзімді ес, дамыған жедел есте сақтау, көру арқылы есте сақтау, жақсы түс айыру, шоғырланудың жоғары деңгейі, зейінді бөлу, жақсы көру және есту.

Жеке қасиеттер

Жауапкершілік пен ұқыптылық, тәртіптілік және жоғары жұмысқа қабілеттілік, ұқыптылық және орындаушылық, білім алушылық, байқаушылық, еңбексүйгіштік, креативтілік, көшбасшылық қасиеттер,

ұйымдастырушылық қабілеттер, коммуникабельділік, мақсаткерлік және өзіне сенімділік.

Интеллектуалды қабілет

Дамыған логикалық және аналитикалық ойлау, шығармашылық ойлау, инженерлік ойлау, практикалық ойлау түрлері.

Білім, біліктілік, дағдылар

Машина жасаушы инженер механика, гидравлика, термодинамика саласында терең білімі, сондай-ақ металлургия және машиналарды жобалау және экономика негіздері сияқты пәндер болуы тиіс. Шет тілдерін білу, қолданбалы компьютерлік бағдарламаларды жақсы меңгеру маңызды.

Жұмыс жағдайлары

Техник-механик өз жұмысын кеңседе, сынақ полигондары жағдайында, машина жасау зауыттарының құрастыру цехтарында орындайды

3-тапсырма.

Мен болашақта қандай маман боламын? Өз ойларыңды жазыңдар.

4-тапсырма.

«Ең жақсы» ойыны

Ең жасыл----- (эколог, географ, бақташы)

Ең тәтті----- (аспаз, кондитер)

Ең ақшалы----- (банк қызметкері, экономист)

Ең күлкілі----- (клоун)

Ең жауапты ----- (сот, бухгалтер)

Ең салмақты----- (мұғалім, заңгер)

Ең қарым-қатынасы күшті----- (бизнесмен)

5-тапсырма. Грамматикалық тапсырмалар.

А) Берілген сөздерді септеңіздер: сүйікті мамандық, әдемі оқытушы, жауапты қызметкер.

Ә) берілген сөздерді жіктеңіздер: мықты маман, ақылды қызметкер, қатаң жұмыскер.

Тақырып 2.8 Техник –механик мамандықтары туралы шыққан мақалалар.

Мамандандырылған терминдер

Мамандық – қызметкердің кәсіп шегіндегі қызметінің нақты саласы. Ол лауазымнан өзгеше түрде белгілі бір білімді және арнаулы түрде оқып-үйрену немесе жұмыс тәжірибесін жинақтау барысында алған еңбек машықтарын талап ететін еңбек қызметінің тегін сипаттайды. Лауазымдық міндеттердің шеңберін айқындайды. Мамандық қызметкер еңбегінің бүкіл шеңберін қамтығанда ол кәсіп ұғымына сай келеді.

Мамандық - адамнан арнаулы білім, еңбек дағдылары мен іскерлікті талап ететін еңбек іс-әрекетінің түрі.

Мамандық таңдау - бұл өте маңызды іс. Өйткені біз өзіміз таңдаған мамандық саласында өмір бойы қызмет атқарамыз. Мамандықтың саны әр алуан: дәрігер, мұғалім, ұшқыш, есепші, аспаз, елші, қаржыгер, архитектор, механик, көлік жүргізуші, сазгер, сатушы, ғарышкер және т.б. Бірақ бұларды байланыстыратын маңызды факт - бұлар бәрі халық үшін қызмет атқарады. Ал халық үшін қызмет көрсету маңызды мәселе. Түркі тілдес халықтың "жеті рет өлшеп, бір рет кес" деген нақыл сөзін ұран етіп, мамандықты дұрыс таңдауымыз керек.

1-тапсырма. Мәтіннен мамандыққа қатысты термин сөздерді теріп жазып, оларға түсіндірме сөздіктің негізінде түсініктеме беріңіздер. Маманданудың үш түрі - бұйымдық, тетіктер мен бөлшектер шығару және технологиялық түрлері бар.Машина жасаудың әр саласы белгілі бір өнім түрлерін: трактор жасайтын - тракторлар, станок жасайтын - станоктар, аспаптар жасау - аспаптар шығарады. Бір салаға өнім шығаратын зауыттар сол өз саласына орай маманданады. Мысалы, Қызылордадағы ауыл шаруашылық машиналарын шығаратын зауыт - күріш жинайтын машина, Астанадағы зауыт - тұқым сепкіш трактор, Павлодардағы зауыт - тракторлар шығарады. Өнімдер бойынша ондай мамандануды - бұйымдық мамандану деп атайды.Машина жасау зауыттары, кеп жағдайда, дайын өнім емес (станок, автомобиль), оның бөлшектерін шығарумен айналысады. Ондай мамандануды бөлшектер бойынша мамандану деп атайды. Мысалы, Степногордағы зауыт темір жол подшипниктерін, Қостанайдағы - ауыл шаруашылық машиналары үшін дизель қозғағыштарын, ал Талдықорғандағы - аккумуляторлар шығарады.Машина жасау зауыттарының үшінші бір түрі - технологиялық мамандану.

2-тапсырма. Мәтінді орыс тіліне аударыңдар.

Профессия - латын сөзінен шыққан, “professio”- анықталған іс, мамандық дегенді білдіреді.

Мамандық - қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі.

Мамандық таңдау - тағдырыңды таңдау деген сөз. Кейінгі өмірде өкінбейтіндей, өз қабілеті мен бейімділігіне сай кәсіп түрін таңдау.. Бұл өте жауапкершілікті және маңызды іс.

Әлемде 40 мыңға жуық әр түрлі мамандықтар бар. Статисттердің зерттеуі бойынша жыл сайын 25 млн адам өзінің жұмыс орнын ауыстырып, оның 12 %- і қайтадан өз орнына қайтып оралады екен. Бұдан мамандықты таңдауда әр маман қателесіпті деуге бола ма? Әлде өзінің болашақтағы профессионалды қызметіне жан - жақты дайындалу керек шығар? Қоғамға, адамдарға пайдасын тигізетін мамандықтарды қалай таңдауға болады? Мамандық таңдау жасөспірім шақтағы ең маңызды шешімдердің бірі. Үлкен өмірге енді ғана аяқ басқан жас ұланның алдында мыңдаған мамандықтан өзіне лайықты біреуін таңдау міндеті тұрады.

Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез - келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың жолы ғана емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе. Кейбір жастар мамандық таңдау ережесін білмегендіктен өзі қызықпайтын мамандықты таңдайды. Осыдан өз мамандығына қанағаттанбаушылық, реніш сезімдері болып, тіпті алдарына жоспар да құрғысы келмейді. Әрбір адам өзін - өзі дамыта алу үшін білім алып, сол біліміне сай мамандыққа машықтану керек.

3-тапсырма. Мәтін бойынша 3 сұрақ құрастырыңдар.

4-тапсырма. Техник –механик мамандығы несімен ұнайды? Өз ойларыңды жазбаша жазыңыздар.

5-тапсырма. Сөйлемерге синтаксистік таллау жасаңдар.

Бір салаға өнім шығаратын зауыттар сол өз саласына орай маманданады.

Әрбір адам өзін - өзі дамыта алу үшін білім алады.

Мамандық - қарапайым өмір сүру көзі болып табылады.

Мамандық таңдау жасөспірім шақтағы ең маңызды шешімдердің бірі.

Кейбір жастар мамандық таңдау ережесін білмегендіктен өзі қызықпайтын мамандықты таңдайды

3 Бөлім. Кәсіптік білім берудің негіздері

Тақырып 3.1 Ғылым және ғылыми жаңалықтар. Сөз тіркесі туралы түсінік

Қостанайда “Кировец” тракторларын өндіретін зауыт ашылды

24 қазанда Қостанай қаласында ҚР Премьер-министрі Асқар Маминнің қатысуымен Қазақстан-Ресей өндірістік кооперациясын дамыту саласындағы бірлескен іс-қимыл Бағдарламасы шеңберінде іске асырылатын ауыл шаруашылығы машиналарын жасау саласындағы алғашқы зауыт ашылды. “Кировец” тракторларының өндірісі индустриялық аймақта “Петербург трактор зауыты” АҚ-мен бірлесіп ұйымдастырылған. Жобаны іске асыру кезең-кезеңмен өтеді.

Асқар Мамин, ҚР Премьер-Министрі: “Қостанай трактор зауытының ашылуы ауыл шаруашылығы машиналарын жасау мемлекеттік бағдарламасының басталуының белгісі болып табылады. Инвестицияның жалпы көлемі 7,3 млрд. теңге. Өндірістік қуаты жылына 700 трактор. Жаңа зауыт өндірісте 500-ге дейін жаңа жұмыс орнын, сондай-ақ аралас салаларда 700-ге дейін жұмыс орнын ашуға және Қазақстанның фермерлерін отандық өндірістің сапалы техникасымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Аты аңызға айналған “Кировец” тракторын өндіру зауытының ашылуымен Қазақстанда ауыл шаруашылығы машиналарын жасау кезеңі басталатыны қуантады. Агроөнеркәсіп секторында үлкен мүмкіндіктері бар ел бола отырып, жеке ауыл шаруашылығы машиналарын жасауды дамыту қажет”.

Сергей Серебряков, “ПТЗ” АҚ директоры: “Қазақстандағы “Кировец” тракторына деген жоғары сұранысты ескере отырып, біз соңғы жылдары жобаны іске асыру жөнінде ойладық, алайда инвестициялау үшін қажетті жағдайлардың болмауына байланысты өндірісті құрудың орындылығын көрген жоқпыз. Қазіргі уақытта, Қазақстан Үкіметі қабылдаған шаралар мен шешімдер бізге Қазақстанның өз өнеркәсібін дамытумен шындап айналысатынына сенім ұялатады. Бұл Қазақстанның машина жасау саласындағы маңызды оқиға. Зауытты іске қосу өзара тиімді ынтымақтастыққа ие: Қазақстан жаңа өндіріс, өз өнімдерін, жұмыс орындарын алады, Ресей тарапы – бас зауыт үшін де, қайталама нарық үшін де жинақтаушы өндіріс алады»

1-тапсырма. Мәтінді оқындар, орыс тіліне аударындар.

2-тапсырма. Мәтін бойынша 3 сұрақ дайындаңдар.

3-тапсырма. Берілген сөздермен сөйлем құраңдар:

Жұмыс орны, зауыттар, мемлекеттік бағдарлама, дұрыс шешім, ғылыми жаңалықтар.

4-тапсырма. Ғаламтордың көмегімен Қазақстанда машина жасау саласы бойынша тағы қандай жаңалықтар бар екенін біліп алындар.

5-тапсырма. Берілен зат есімдерді сызба бойынша талдаңдар.

Қаласында, тракторын, жағдайлардың, жылдары, өнеркәсібін.

Тақырып 3.2 Ғылым қайраткерлері. Жай сөйлем синтаксисі
 "Технология" ұғымы грек тілінен алынған. Нақтылы аудармасы шеберлік (кәсіптік) жайлы ілім болса керек. Өткен ғасырдың басынан былай өндірістік үдерістер зерттеліп, ғылыми талқыға түсе бастады. Машина жасау технологиясының негіздерін ғылымға теліп, оны зауыттарда істелетін өнер жүйелері деп алғаш рет көпшілік ұғымына таныстыра білген орыстың көрнекті ғалымдары В. М. Севергин, И. В. Двигубский, И. А. Тиме, К. А. Зворыкин, А. А. Брикс, Н. Н. Савин, П. П. Гавриленко, В. М. Кован болды. Бұл ғылым саласы Қазан төңкерісінен кейін, әсіресе, еліміздің бесжылдықтарында қанат жайып, дами бастады. Осыған орай халық шаруашылығында, машина жасау саласында білікті маман инженер-технологтардың орнының аздығы сезілді. Машина жасау технологиясы пән ретінде алғаш еліміздің технологиялық жоғары оқу орындарының оқу жоспарына 1931-1933 жылдары енгізіле бастады.

1-тапсырма. Мәтін бойынша диалог құрастырындар.

2-тапсырма. Егер сен ғалым болсаң, нені зерттер едің? Өз ойыңды жазбаша жазыңдар.

3-тапсырма. Берілген сөздермен сөйлем құрастырындар.

Қарқынды дамыту, жеңіл автомобильдер, ойлап табу, зерттеу, ғылым.

4-тапсырма. Екі қатарды сәйкестендіріңдер.

кәсіпорындардың	маңыздысы
ауыл	процестер
автокөлік	шаруашылық
технологиялық	рөлі
экономикадағы	зауыттары
нарықтық	жағдай
ең	бөлшектері
машина жасау	салалары

5-тапсырма. Берілген сөздерге жалғауларды рет-ретімен жалғаңдар:

Көптік жалғау+тәуелдік жалғау+септік жалғау

Машина+лар+ым+ды

Халық, инженер, технолог, жұмыс беруші, автокөлік, экономика, мемлекет.

тақырып 3.3 Машина жасау технологиясының даму тарихы.Құрмалас сөйлем синтаксисі

Машина жасау технологиясының даму тарихы

Кеңес өкіметі құрылуының алғашқы күндерінен бастап машина жасау мәселесі халық шаруашылығын дамытудағы ең бір күрделі сала деп есептелінді. Өйткені еліміз экономикасының негізгі өзегі – машина жасау. 1926 жылы бірінші дүниежүзілік және азамат соғыстарында қирап қалған металл өңдеу өнеркәсібі қалпына келтірілді. Осының арқасында елімізде ауыр индустрия, оның басты негізі машина жасау саласы дами бастады. Өндірістің жаңа салалары, әсіресе автомобиль жасау, трактор және ауыл шаруашылық машиналары, энергетикалық машиналар, кемелер, паравоз, вагон жасау салалары дами бастады. Ұлы Отан соғысы жылдарында машина жасау күшті қарқынмен дамыды. Соғысқа керекті техникалар көптеп шығарылды. Соғыстан кейінгі жылдары еліміздің халық шаруашылығына қажет салалары – ауыр энергетикалық машина жасау, химия машиналарын, турбина, приборлар жасау, ауыл шаруашылығына керекті машиналар т.б. болып табылады. Одан кейінгі ІХ-Х бесжылдықтарда халық шаруашылығы партияның XXIV-XXV съездерінің нұсқаулары бойынша дамыды. Өнеркәсіп өнімі өте баяу қарқынмен дамыды. 1970 жылдан осы уақытқа дейін технологиялық процестерді жобалауда іргелі ғылымдардың жетістіктерін кеңінен пайдалану мәселелері қолға алына бастады.

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Мәтінде не туралы айтылған?
2. Машина жасау саласы қай кезден дами бастады?
3. Өндірістің қандай салалары дами бастады?
4. Ұлы Отан соғысы жылдарында машина жасау кезеңі қалай өтті?
5. Соғыстан кейінгі жылдары қандай мәселелер қолға алына бастады?

2-тапсырма. Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріңіздер.

1. металл а) техникалар
2. керекті ә) индустрия
3. ауыр б) өңдеу
4. ғылымдардың в) шаруашылығы
5. ауыл г) жасау
6. аспап ғ) өнім
7. өнеркәсіп д) жетістіктер

3-тапсырма Тірек сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді толықтырыңыздар.

.....жаңа салалары, әсіресе автомобиль жасау, трактор және
.....машиналары, энергетикалық, кемелер, паравоз және вагон жасау
салалары дами бастады. Соғысқа керекті көптеп шығарылды. Соғыстан
кейінгі осы уақытқа дейін техникалық процестерді жобалауда іргелі
..... жетістіктерін кеңінен пайдалану қолға алына бастады.

Тірек сөздер: Ауылшаруашылық, техникалар, өндірістің, машиналар,
ғылымдардың, мәселелері, жылдардан.

4-тапсырма. Сөздердің синонимдерін тауып жазыңыздар.
Алғашқы, күрделі, еліміз, қалпына, керекті, жетістіктері, баяу.
5-тапсырма. Сөздермен сөйлемдер құрастырыңыздар.
Машина, тарих, кеме, ғылым, ауыл, уақыт, еліміз.

тақырып 3.4 Машина түрлері.Кәсіби терминология

Қазіргі таңда автомобиль пиасасында атқаратын қызметі, техникалық сипаттамасы, бағасы және басқа да өзгешеліктері бар көп мөлшерде автомобиль модельдері кездеседі. Оның негізгі себептерінің бірі автомобиль өндіруші фирмаларының арасындағы бақталастық болып табылады. Автомобиль өндірушілері әлеуетті сатып алушыларды өзіне тарту мақсатымен жеке тұтынушылар топтарының талаптарын барынша қанағаттандыратын өнім ұсынуға, автомобильдің пайдалы әсер ету коэффициентін көбейте тұра қоршаған ортаға зиянын азайтуға, жүргізуші және жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, автомобильді қолдануды жеңілдету және де құрылысына ең озат техникалық шешімдер енгізілген жаңа модельдер жасап шығару уақытын қысқартуға тырысады. Бұл ретте қазіргі автомобильдер экономикалық, экологиялық және әлеуметтік себептермен анықталатын жалпы заңдарға қарай жетілдіріледі.

Автомобильдің технологиялық даму хронологиясы

1680 — Жұмыс істейтін бірақ қолдануға жарамсыз алғашқы іштен жану қозғалтқышын 1680 жылы Голландиялық Christiaan Huygens жасады. Жарғыш дәрінің жануы арқылы жұмыс атқаратын поршеньді машина еді.

1698 — Ағылшын Thomas Savery алғашқы бу машинасын жасады.

1769 — Ағылшын James Watt ұзақ уақыт жұмыс істейтін бу машинасын жасады.

1769 — Өздігінен қозғалатын алғашқы көлікті француз инженері Fardier және артиллерия капитаны Nicolas Joseph Cugnot (1725-1804) жасады.

1769, Fardier

1787 — Oliver Evans Америкада жолаушы таситын көлік жасады.

1801 — Англияда Richard Trevithick бумен жұмыс істейтін автомобиль жасады.

Richard Trevithick автомобилі, 1803

1824 — Іштен жану қозғалтқыштарының, әсіресе дизель қозғалтқыштарының негізгі принциптерін жас француз инженері Sadi Carnot ұсынды.

1830 — 15–20 км/сағ жылдамдығында қозғалатын 14 жолаушы таси алатын автобустар жасалды.

1963 — Wankel қозғалтқышы алғашқы рет NSU Spider автомобилінде қолданылды.

1967 — Jensen ағылшын автомобиль фирмасы ABS жүйесін бірінші болып автомобильдеріне орнатты.

1973 — Еуропада сериялы өндірісте алғашқы рет турбиналы қозғалтқыш орнатылған BMW 2002 автомобилі болды.

1978 — Осы замандық ABS жүйесі алғаш рет BMW 7 және Mercedes S серияларында орнатылды.

1984 — Турбина өндірушісі Garret intercooler атында турбина суытқышын ұсынды. Осы жүйенің арқасында турбинаға кіретін ауа алдын-ала суытылып, турбинаның өнімділігі арттырылды.

1986 — Екі турбина орнатылған алғашқы автомобиль Porsche 959 болды.

1-тапсырма. Автомобильдің технологиялық даму хронологиясын орыс тіліне аударыңдар.

2-тапсырма. «Машина түрлері» тақырынба диалог құрастырыңдар.

3-тапсырма. Сен машина жүргізе аласың ба? Саған қандай машина түрлері ұнайды? Себебі? Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

4-тапсырма.

5-тапсырма. Берілген сан есімдерді сөзбан жазып, сызба бойынша талдаңдар.

1984, 959-ыншы, жетеу, 14 шамасында, 1698.

тақырып 3.5 Машина құрылғысы. Мәтінмен жұмыс

Автомобиль – механизмдер мен жүйелер жиынынан тұратын күрделі машина. Олардың құрылысы әркелкі болуы мүмкін. Дегенмен, көпшілік автомобильдерде негізгі механизмдердің жұмыс әрекеті мен құрылыс принциптері бірыңғай болып келеді.

Автомобиль - кемдегенде 4 доңғалағы бар, өз энергия көзімен қозғалысқа келтірілетін рельсті қажет етпейтін доңғалақты көліктік құрал. Сонымен қатар троллейбустер, үш доңғалақты 400 кг массалы көлік құралдары да автомобиль болып саналады. Әдетте автомобиль деп жеке автомобильді және автопоезды айтады.

Механизмдердің қызметі мен өзара орналасуына байланысты автомобильдерді құрастыру жағы көбіне ортақ болып келеді.

Негізгі бөліктер және агрегаттар

Әрбір автомобильде негізгі бөліктер үш жұпқа бөлінеді: кузов, қозғалтқыш және шасси.

Шанақ – тасымал жүкті орналастыру қызметін атқарады және таситын жүктің түріне қарай әртүрлі болады. Жеңіл автомобиль мен автобуста шанақ жолаушыларды және жүргізушіні орналастыру үшін қызмет атқарады. Жүк автомобильдерінің шанағы жүк тиейтін платформадан (жүктік шанақ) және жүргізуші кабинасынан тұрады.

Қозғалтқыш – автомобильдің жүруіне және басқа қызметтерді атқаруға арналған қажетті қуатты тудыратын бөлік. Оның негізгі жұмыс принципі энергияның бір түрін (көбінесе жылу энергиясын) екінші түріне (механикалық энергияға) айналдыру болып табылады. Қозғалтқыштан алынған механикалық энергия механизмдер қатары арқылы автомобильдің жетекші дөңгелектеріне жеткізіледі де автомобильді қозғайтын күш тудырады. Көпшілік автомобильдерде поршеньді бензинді немесе дизельді қозғалтқыштар қолданылады.

Шасси - трансмиссия, аспалы жүйе, белдік, аспа, дөңгелек, рульдік басқару және тежеуіш жүйелері сияқты, әрқайсысы белгілі бір жұмысты атқаратын, бірнеше механизмдер мен жүйелерден тұратын күрделі қондырғы болып табылады.

Негізгі агрегаттардың орналасуларының жалпы сұлбасы

Автомобильдер жетекші дөңгелектерінің орналасуы мен санына байланысты алдынан жетекті, артынан жетекті және толық жетекті болып бөлінеді.

Жетекші дөңгелектердің санын анықтауға автомобильдің дөңгелек формуласы көмектеседі. Дөңгелек формуласындағы бірінші сандық белгі автомобильдің жалпы дөңгелектер санын, екінші сандық белгі автомобильдің жетекші дөңгелектер санын білдіреді. Алдынан немесе артынан жетекті автомобильдің дөңгелек формуласы 4x2, толық жетекті автомобильдің дөңгелек формуласы 4x4 деп жазылады.

Сонымен жетекші дөңгелектер қозғалтқыштан механизмдер қатары арқылы алған механикалық энергияның күшімен автомобильді тартып немесе итеріп

қозғалтады. Қозғалтқыштан алынған айналу моменті алдыңғы дөңгелектерге берілсе алдынан жетекті, артқы дөңгелектерге берілсе артынан жетекті, барлық дөңгелектерге берілсе толық жетекті деп аталады.

Автомобильдер қозғалтқыштың алдында, артында және ортасында орналасуына байланысты үшке бөлінеді.

Шанақтардың негізгі түрлері

Жабық

- Седан: Төрт немесе екі есікті болады. Ерекше өзгешелігі – толық көлемді екі қатар орындықтарының болуы және артқы қабырғасында есіктің болмауы.
- Универсал:
- Хэтчбек:
- Купе:
- Лимузин:
- Минивэн:
- Хардтоп:
- Таун-кар:
- Комби:
- Лифтбэк:

Ашық

- Кабриолет :
- Родстер :
- Фэтон :
- Ландо :
- Брогам :
- Тарга :
- Спайдер :

Жүк және жолаушы

- Пикап :
- Фургон :

1-тапсырма. Мәтінді аударындар.

Автомобиль құрылысының жетілдірілуінің төрт кезеңін байқауға болады.

1. Құрылысының қауіпсіздігінің арттырылуы (60 ж. басынан) Бұл кезеңде автомобильдерде қауіпсіздік белдіктері және жастықтары, қауіпсіз әйнектер. Соққы жұтушы бамперлер және т.б. қолданыла бастады.

2. Жанармай шығынының азайтылуы (70 ж. мұнай дағдарысынан кейін) Бұл кезеңде автомобильдің өзіндік салмағын азайту және аэродинамикалық пішін беру үшін күрес басталады. Қозғалтқыштардың, шиналардың құрылысы жетілдіріліп, альтернативті (мұнайдан жасалмаған) автомобиль жанармай түрлері зерттеледі.

3. Қоршаған ортаға негативті әсерінің азайтылуы (80 ж. ортасынан) Бұл кезеңде қозғалтқыштардың жұмыс процестері жетілдіріледі, пайдаланылған

газдар үшін автомобильдің зиянды шығарындыларын азайтатын түрлі сүзгілер мен бейтараптандырғыштар қолданылады.

4. Автомобильді қолдануды қауіпсіздендіру және қолайлату (90 ж. соңынан)
Бұл кезеңде тұтынушыларды барынша қанағаттандыратын өнім ұсыну үшін автомобиль өндіруші фирмаларының арасындағы бақталастықтан автомобильдер компьютерлермен басқарылатын күрделі активті қауіпсіздік және автомобильді қолдануды қолайлататын қондырғылармен жабдықтала бастады.

2-тапсырма. Автомобильдің құрылғыларына тағы не қосар едің?

3-тапсырма. Сөйлемдерді дұрыс құрастырыңдар.

1. /орынға ие/саласы ретінде/Өнеркәсіптің жетекші дамыған / машина жасау/ елдерде айрықша.

2. Оның үлесіне өнеркәсіп өнімінің 36—40%-ы, индустрияда жұмыс істейтіндердің 34%-ы тиесілі.

3. Қазіргі заманғы машина жасау —/бірнеше миллионмен есептелетін / /300-ден астам өндіріс/шығаратын өнім түрі аса күрделі сала /ғылымды ең көп қажет ететін түрін біріктіретін /,

4. /деңгейде ұйымдасу /Сондықтан/ халықаралық тиімді болып есептеледі.

5. Біздің елде / - салааралық кешендер /машина жасау кешені /болып табылады/ішіндегі ең маңыздысы

4-тапсырма. Мәтін бойынша тест сұрақтарын құрастырыңдар.

5-тапсырма. Мәтіннен көптік жалғау+тәуелдік жалғау+септік жалғау ретімен жалғанған сөздер теріп жазыңдар.

тақырып 3.6 Машиналарға эксплуатациялық сипаттама беру. Кәсіби сөздер Машина жасау кешені

Машина жасау кешеніне мына салалар кіреді: ауыр, энергетикалық және көліктік машина жасау, станок пен сайман өнеркәсібі, автокөлік, трактор және ауылшаруашылық машиналарын жасау, электротехникалық өнеркәсіп, аспап жасау құрылысы және мұнай қажетіне машина жасау, құрылыс, жол және коммуналдық машина жасау өндірістері.

Қазақстанда машина жасау саласы металл өңдеу және машина жасау деген екі бағытта жұмыс істейді. Негізгі жабдықтар Ресейдің машина жасау зауыттарынан келіп отырған, ал оларды қолданған кезде кішігірім жөндеуден өткізуге, кейбір бөлшектерді өзгертіп, жаңалау қажеттігін өтеуге арнайы цехтар, шеберханалар кейде кішігірім зауыттар ұйымдастырылған. Бұлар негізінде темірден жасалатын бұйымдар, ыдыстар және басқа да халықшаруашылығына қажетті жеңіл-желпі тауарлар жасау болған.

Республикада машина жасау саласында ең алда келе жатқан ауылшаруашылық, ауыр және электротехникалық машина жасау өндірістері. Бұлар «Қазақсельмаш», Павлодар трактор зауыты, Алматының «Поршень» зауыты, «Ақтөбесельмаш», «Манкентживмаш», АЗАМ (АЗТМ), Қарағандының машина жасау зауыты, Өскеменнің конденсатор, Кентаудың трансформатор, Шымкенттің «Электроаппарат», «Семейкабель», Алматының төменгі вольт аспаптар, Үштөбенің жөндеу-механика, Солтүстік Қазақстан облысындағы Булаев тәжірибе-сынау зауыттары. Осылармен қатар құрал-жабдық жасайтын «Ақтөберентген», Өскемен мен Көкшетаудағы зауыттарды, құрылыс, жол және коммуналдық машиналар жасайтын, Кентаудың экскаватор, Тараздың құю-механика зауыттарын атауға болады.

Республика халықшаруашылығының мұқтажын өтеу үшін жан-жақты дамыған машина жасау кешенін құрған жөн, себебі қазір негізгі қажетті машиналарды, жабдықтарды, механизмдер мен қосалқы бөлшектерді сырт елдерден тасымалдап халықтың талап-мүдделерін қамтамасыз етеміз.

1-тапсырма. Мәтіннің мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Машина жасау кешеніне қандай салалар жатады?
2. Қазақстанда машина жасау салалары қандай бағытта жүреді?
3. Қазақстанда қандай машина жасау өндірістері бар?
4. Машина жасау кешені дегеніміз не?

2-тапсырма. Төмендегі сөз және сөз тіркестерімен сөйлемдер құрастырыңыздар.

Қазақстан, мұнай, машина, өнеркәсіп, экономика, кешен, аспап, қосалқы бөлшектер, қамтамасыз ету, дамыған, ауылшаруашылық, жол.

4-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздерді қазақ тіліне аударындар.

Машиностроение является (маңызды) отраслью экономики (кез келген) индустриально (дамыған) государства. Производя (әр түрлі) оборудование, машины, станки, (аспаптар), а также товары для населения, машиностроение

(қамтамасыз етеді) стабильность деятельности (агроөнеркәсіптік) комплекса, энергетического и металлургического секторов, транспорта и других ключевых (сала) экономики. (Тұрақты) развитие и (сенімді) функционирование машиностроения во многом (анықтау) энергоёмкость и материалоемкость экономики, (өнімділік) труда, уровень экологической (қауіпсіздік) промышленного производства и, в конечном итоге, (экономикалық) безопасность (елдің). На сегодняшний день в казахстанском машиностроении существуют (жүйелік) проблемы, (байланысқан) с недостаточным уровнем инвестиционной (тартымдылық) отрасли, (төмен) уровнем конкурентоспособности (өнім) на внутреннем и внешнем рынках, дефицитом (білікті) кадров. В статье исследуется (қазіргі) состояние машиностроительного комплекса Республики Казахстан, выявляются наиболее(өткір) проблемы и предлагаются (басым) направления (даму) отрасли.

3-тапсырма. Ғаламтор көмегін пайдаланып, Қостанай қаласындағы «Сарыарқаавтопром» АҚ жайлы мағұлмат жазыңдар.

4-тапсырма. Мәтіндегі тәуелдік жалғауында тұрған сөздердің астын сызып, олардың жасалу жолдарын түсіндіріңіздер.

Тақырып 3.7 Машина пайдалану қызметіне қарай. Терминдер

Автомобильдер пайдалану қызметіне қарай көлік, арнаулы және жарыс автомобильдері болып бөлінеді. Соның ішіндегі негізгісі — көлік автомобильдері. Олар адам және жүк тасуға арналған. Арнаулы автомобильдер тиісті жабдықтармен жабдықталып, көше сыпыру, өрт сөндіру, жүк тиеу, жүк түсіру сияқты кейбір өндірістік жұмыстарды (автокран, автокомпрессор, өрт сөндіру машинасы, көшпелі жөндеу шеберханасы, т.б.) атқаруға пайдаланылады. Жарыс автомобилі спорттық жарыстарға қатыстырылады. Көлік автомобильдерінің бір түрі — жолаушылар автомобилі. Оның жеңіл автомобиль, автобус сияқты түрлері бар. Көлік автомобиліне автопойыз құрамына кіретін арнаулы буксирлер мен тягачтар да жатады. Жеңіл автомобиль екіден сегізге дейін (жүргізушінің өзін қосқанда) жолаушылар тасуға арналған. Жеңіл автомобиль қорабының типіне қарай лимузин (қорабы жабық), кабриолет (қорабы жоғарғы жағынан матамен жабылған), фэтон (қорабы ашық) болып ажыратылады. Жүк автомобильдерінің өте жеңіл жүк көтеретін, жеңіл, орташа, ауыр және өте ауыр жүк көтеретін түрлері бар.

1-тапсырма. Сөздердің аудармаларын табыңдар.

Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
Арнаулы		
	Жолаушы	
		bus
		tow
	Закрытый	
Қорап		
Әскери		
	Кабина	
		truck crane
		installation

2-тапсырма. Берілген мәтіннен диалог құрастырыңдар.

Бүгінгі күнгі кейбір жүк таситын автомобильдердің көлемі мейлінше үлкен. БелАЗ-дардың кабинасына арнайы сатымен шығуға тура келеді. Кейбіреулерінің қорабына 100 т жүк кетеді. Автомобиль әскери істе әскер және қару-жарақ тасиды, артиллерия, зеңбірек, пушка, т.б. сүйрейді. Реактивтік және ракеталық қондырғылар, жөндеу шеберханасы, радиолокациялық станса, т.б. орнатылған автомобильдер бар. Әскери әуе күштерінде жанармай тасығыш, автоцистерна, автостартер, қар күрегіш, автокран, сыпырғыш машина, прожекторлы және өрт сөндіру машиналары, оттек өндіру және зарядтау стансалары, маяк және компрессорлы машиналар, т.б. автомобильдер пайдаланылады. Әскери автомобильдің бұлардан басқа штабтық санитарлық автомобиль, авторефрижераторлар, радио және электр стансалары, экскаваторлар, орқазғыш сияқты екі жүзден аса түрі бар.

3-тапсырма. Керекті тілдік бірліктерді қойып көшіріп жазыңдар.

Жүк автомобилі... түріне қарай әмбебап және арнаулыууу. Әмбебап автомобильдің ...ашпалы-жаппалы, ашық ...болып келеді. Арнаулы жүк ...аударылмалы ашық платформасы бар аударғыштар, ...жабық фургондар, сұйық және..... заттар тасуға арналған автоцистерналар, т.б. жатады. Жол жағдайына қарай кедергілерден кідірмей, су өтпейтін қорабы, ескек винті, т.б. суда жүзуге..... қондырғылары бар амфибиялар да ..жатады.

Тілдік бірліктер: сусымалы, автомобильге, кездескен , борты, қажетті, цемент тасығыштар, қорабы, платформалы автомобиліне, қорабының, өте алатын , болып бөлінеді.

4-тапсырма. Берілген сөздерді қатыстырып, сөйлемдерді дұрыс құрастырыңдар

Қостанайда, машина құру, білу.

Іс-тәжірибе, зауыт, үйрену.

Машина жасау технологиясы, қиын, кезең, өтті.

Автомобильдер, түрлері, өте көп.

Тақырып 3.8 Қозғалтқыштардың түрлері . Терминдер және сөз мәдениеті

Қозғалтқыш, мотор – қандайда бір энергия түрін механикалық жұмысқа түрлендіретін күш-қуат машинасы. Қозғалтқыш латынша motor, яғни қозғалысқа келтіретін деген ұғымды білдіреді, ол осыдан қозғалтқыш (мотор) деп аталып кетті. Энергия механикалық жұмысқа қозғалтқыштың түріне қарай қайталамалы-ілгерілемелі қозғалыстағы піспек (поршень), айналмалы қозғалыстағы ротор немесе реактивті қозғалыс тудыратын аппарат арқылы түрленеді. Оны жердегі, судағы, аспандағы, ғарыштағы көлік құралын қозғалысқа келтіру, өндірістің әр саласындағы жұмыс машинасын, тұрмыс техникасын, т.б. іске қосу үшін қолданады. Қозғалтқыш бірінші реттік (бастауыш) және екінші реттік (қостауыш) қозғалтқыш болып бөлінеді. Бірінші реттік қозғалтқыш (бу, газ, жел қозғалтқыштары) табиғи энергетикалық ресурстарды (отын, су, жел энергиясын, ядролық энергияны) механикалық энергияға тікелей түрлендіреді. Оған жылу қозғалтқышы, бу қозғалтқышы, газ қозғалтқышы, жел қозғалтқышы, гидравликалық қозғалтқыш, т.б. жатады. Олардың ішінде отын немесе атом энергиясын механикалық жұмысқа айналдыратын жылу қозғалтқышы ең басты топты құрайды. Ал екінші реттік қозғалтқыш бірінші реттік қозғалтқыштың көмегімен алынған энергияны түрлендіреді. Олардың қатарына электрлік қозғалтқыштар, пневматикалық (сығылған ауаның қысымын пайдаланатын), т.б. қозғалтқыштар жатады. Жинақталған механикалық энергияны беретін құрылғылар да қозғалтқыш (инерциялық, серіппелі, гірлі механизмдер) қатарына кіреді. Атқаратын қызметіне қарай қозғалтқышты орнықты, мобильді (көшпелі, жылжымалы) және көліктік деп бөледі. Адамзат тарихындағы тұңғыш механикалық қозғалтқыш су дөңгелегі болды. Оны ертеде суландыру жүйесінде өзен-көлден су тартуға қолданды. Жел қозғалтқышы да ертеден белгілі болған. 18-ғасырдың орта шенінен өндірістің машиналы технологияға көше бастауына байланысты, жергілікті қуат көзі – суға, желге, т.б. тәуелді бола бермейтін қозғалтқыш жасау қажеттігі туды. Осы кезде отын энергиясымен қазанда бу өндіріп, онымен жұмыс істейтін бірінші жылу қозғалтқышы – бу машинасы жасалды. 19-ғасырдың екінші жартысында жылу қозғалтқышының бу турбинасы және іштен жанатын қозғалтқыш атты жаңа екі типі өмірге келді. Іштен жанатын қозғалтқыш та арзан мұнай өніміне көшіп, бу қазанынсыз жұмыс істейтін болды. 19-ғасырдың аяғында карбюраторда жанғыш қоспа дайындап, оны қозғалтқыштың жану камерасында электрлік білтемен тұтататын іштен жанатын қозғалтқыш емес сорған суық ауаны цилиндрде піспекпен қатты қысып қыздырып, оған сұйық отын бүркіп жағатын жаңа жылу қозғалтқышы – дизель жасалынды. Нәтижесінде, іштен жанатын қозғалтқыштың пайдалы әсер коэффициенті өсті, үнемділігі артты, құралымы қарапайым да ықшам түрге келді. Бүгінгі күні көлік құралы түгелдей дерлік іштен жанатын қозғалтқышпен жаракталады. Жылу қозғалтқышы сияқты осы кезеңде гидравликалық қозғалтқыш, оның кең тараған түрі – гидравликалық турбина (гидротурбина) құралымы да ұдайы жетілдірілумен болды. Нәтижесінде

негізгі гидротурбинадан тұратын аса қуатты (600 МВт-қа дейін) гидроэнергетикалық агрегаттар жасалып, ірі-ірі су электр стансалары салына бастады. 19-ғасырдың аяғы және 20-ғасырдың басында электр энергиясын механикалық жұмысқа түрлендіргіш машина – электрлік қозғалтқыш (электр моторы) жасалды. 20-ғасырдың алғашқы жартысында жылу қозғалтқышының жаңа түрлері – газ турбиналық қозғалтқыш, реактивті қозғалтқыш, ядролық қозғалтқыш жасалды. Қазіргі таңда авиация қозғалтқышының көпшілігін газ турбиналық қозғалтқыш құрайды. Ол сонымен бірге локомотивте (газ турбиналық тасығыш), автомобильде қолданылады.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, диалог құрастырыңдар.

2-тапсырма. Сен қандай қозғалтқыш түрін ойлап табар едің?

3-тапсырма. Сөз тіркестерін сәйкестендіріңдер.

жылу	құралы
құрылыс	бағарлама
көлік	машинасы
атқаратын	жаңғырту
елімізді	нарығы
еңбек	жұмыс
мемлекеттік	қозғалқышы
белсенді	қызметі

4-тапсырма. Мәтіннен сын есім+зат есім ретімен тіркескен сөз тіркестерін теріп жазыңдар.

тақырып 3.9 Машина өнеркәсібі. Мәтінмен жұмыс

Машина өнеркәсібі — өнеркәсіптің автомобиль жасауға мамандандырылған саласы. 892 жылы Генри Форд (АҚШ) өзі жүретін автомобиль жасап шығарғаннан кейін көліктің осы түрін өнеркәсіптік тәсілмен шығару Еуропа елдерінде тез дамыды. Франция, Англия, Швеция, Италия, Германия, Ресейде автомобиль жасайтын арнаулы кәсіпорындар көбейді. Автомобиль өнеркәсібі ІІН өркендетуде өндірістің желілік әдісін кеңінен қолданған АҚШ алға шықты. 1900 жылы мұнда 4192 автомобиль жасалды. Францияда 1895 жылы құрылған “Рено”, 1896 жылы құрылған “Пежо автомобиль” монополиялары аз уақыттың ішінде жылына екі мың автомобиль шығара алатын дәрежеге жетті. Автомобиль зауыттарында жүк және жолаушылар таситын автомобильдер, сұйық заттар (бензин, май, су, сүт т.б.) тасуға арналған автоцистерналар, автокүймелер (автофургондар), сусымалы және жабысқақ жүктерді таситын автоқотарғыштар, тіркемелер, жартылай тіркемелі сүйреткіштер, цемент, мал, мал азығын таситын арнайы қораптары бар автомобильдер, тез бұзылатын жүктерді таситын рефрижераторлар т.б. шығаратын болды. Автомобиль өндірісі бензин, керосин, металл, бояуларды көп талап еткендіктен Автомобиль өнеркәсібі мұнай, химия, металлургия өнеркәсібінің өркендеуіне жол ашты.

1-тапсырма. Мәтінді орыс тіліне аударыңдар.

20 ғасырдың 30-жылдары бүкіл дүн. жүзінде қаулай өркендеген Автомобиль өнеркәсібі дүниежүзілік соғыстар тұсында қуатты әскери қару екенін танытты. Осыған

орай ракета қондырғылары, радио, радиолокация станциялары, әскери жабдықтар орнатылған машиналар, ауыр ракеталарды, артилл. жүйелерін, мина атқыштарды, ұшақтарды, арнайы тіркемелерді алып жүретін автомобильдер көптеп шығарылды. Автомобиль өнеркәсібі жасаған жанар-жағармай мен оттегін құятын арнаулы жабдықталған машиналар, жүк көтергіштер, штаб автобустары, жөндеу шеберханалары, химия әскерлерінің, инженерлердің, санитарлардың, өрт сөндірушілердің арнаулы машиналары әскери бөлімшелердің майданда маневр жасауына, жауынгерлік тапсырмаларды жедел орындауына қыруар көмек көрсетті. Автомобиль зауыттары шығарған ұшақтардың энергетика, гидравлика, пневматика және басқа да жүйелерін тексеретін, ұшақтарды жетекке алатын, ұшу-қону алаңын тазартатын арнаулы машиналары әскери авиацияның қуатты қарқынмен өркендеуіне жол ашты.

2-тапсырма. Берілген сөздерді аудрып, көшіріп жазыңдар.

(вторая мировая война) соңғы кезеңде Автомобиль өнеркәсібі зор қарқынмен дамып, өнеркәсіптің (специальный) мамандандырылған (эффективный) салаларының біріне айналды. Автомобиль өндірісімен түбегейлі айналысатын (научно-исследовательская) және жобалау институттары технологиялық процестерді үздіксіз жетілдіру, энергетикалық

және отын ресурстарын, (сырьё) пен материалдарды, еңбек (расходы) (экономить) арқылы халық шаруашылығының (требованиям) сай жаңа тұрпатты автомобильдер шығаруды қолға алды. Өнімді жұмыс істейтін жабдықтар мен жетілдірілген (производство) технологиясын қолданған Автомобиль өнеркәсібі жанармайды үнемдейтін (маленький) литражды жеңіл автомобильдермен қатар жайлы автобустар өндірісін игерді. Двигательдің (мощность) арттырып, отын шығынын кемітетін, жол талғамайтын, жүкті көп көтеретін автомобиль (предприятие) көбейді. Ресей Автомобиль өнеркәсібінің 10-12 тонна жүк көтеретін (тяжелый) автоқотарғыштарын, 12-14 тонна жүк көтеретін қорапты автомобильдерін, 25-40 тонна жүк тартатын карьер қотарғыштары осы тұста шығарылды.

3-тапсырма. Мәтін бойынша диалог құрастырындар.

Автомобиль өнеркәсібін өркендетуге, әсіресе, АҚШ, Англия, Германия, Франция, Италия, Жапония автомобиль монополиялары зор үлес қосты. 20 ғасырдың алпысыншы жылдарының ортасында ғана 3 американдық, 7 батыс еуропалық автомобиль монополиясына дүние жүзілік автомобиль өндірісінің 80% үлесі келді. Осы тұста “Дженерал моторс” (General Motors), “Форд мотор” (Ford Motor) және “Крайслер” (Chrysler) компаниялары дүние жүзінде шығарылатын бүкіл автомобильдердің 90%-тен астамын қолдарына алды. Германияның “Фольксвагенверк” (Volkswagenwerk), А. Опель (A. Opel), “Форд-верке” (Ford-Werke) және Даймлер-Бенц (Daimler-Benz) фирмалары, Англияның “Бритиш мотор холдингс” (British Motor Holdings), “Форд мотор” (Ford Motor), “Воксколл моторс” (Vauxhall Motors), “Рутс моторс” (Rootes Motors) және “Лейленд мотор” (Leyland Motor) компаниялары, Францияның “Рено” (Renault), “Пежо автомобиль” (Pengeot Automobiles), “Ситроен” (Citroen) және “СИМКА автомобиль” (SIMGA Automobiles) фирмалары өз елдеріндегі бүкіл А.ө-н өздерінің монополиясына айналдырды. Италиядағы “Фиат”, Жапониядағы “Тойота моторс” және “Ниссан моторс” компаниялары автомобиль жасайтын және бұл көлікті шет елдерге көптеп сататын дүние жүзіндегі аса ірі монополиялар болып отыр. Қазақстанда Автомобиль өнеркәсібі болмағандықтан автомобиль құралдары негізінен Ресей, Венгрия, Польша, Чехословакия т.б. елдерден алынды. Қазақстанның Оңтүстік Корея автомобиль жасаушыларымен ынтымағы жақсы нәтиже берді. Алматыда бірлескен автомобиль зауыты ашылды. Бұл Қазақстанда Автомобиль өнеркәсібін өркендетудің алғашқы қадамы болды.

4-тапсырма. Мәтіннен сан есімдерді тіркестерімен бірге көшіріп жазындар.

Тақырып 3.10 Қазақстандағы машина жасау өндірісін жаңғырту мәселелері.
Мамандық бойынша арнайы терминология

Қазақстандағы машина жасау өндірісін жаңғырту мәселелері

Машина жасау бүкіл әлемде ұлттық өнеркәсіптің технологиялық деңгейінің көрсеткіші ретінде қабылданады. Бұл сала жанама салаларды дамыту үшін мультипликативтік әсер береді, халықтың жұмыспен қамтылуын бірнеше рет ұлғайтады және сол арқылы тұтастай алғанда экономиканың бәсекеге қабілеттігін қамтамасыз етеді.

Ендеше, Қазақстан экономикасының өсуі машина жасаудың озық өсуімен қатар жүруі тиіс. Бұл өнеркәсіп кәсіпорындарындағы механикаландыру деңгейін арттыруға және республика экономикасы салаларындағы еңбек өнімділігін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында машина жасауды дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасын Үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі - ҮИИДМБ) іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарының 5-тармағы болып табылады.

Бағдарлама жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жоғары технологиялық және қазіргі заманғы жабдықпен жаңғыртуға, халықаралық стандарттың бәсекеге қабілетті өнімін шығару бойынша жаңа кәсіпорындар құруға, барлық жұмыс істеп тұрған отандық машина жасау кәсіпорындарының байланыстары мен кооперациясын дамытуға бағытталған.

Бағдарламаны:

саланы жүргізілген маркетингтік зерттеулер негізінде айқындалған бәсекеге қабілетті өнімді шығаруға бағытталған жаңа сапалық деңгейде қалпына келтіруді және дамытуды бастауға, оның өндіріс көлемін ұлғайтуға және тұрақты өткізу нарықтарын табуға арналған бағдарлама;

қайта жаңарту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру және өндірістің озық шетелдік технологиялары мен кәсіпорындарды басқару менеджментін енгізу есебінен жұмыс істеп тұрған машина жасау кәсіпорындарын жедел дамыту бағдарламасы;

машиналардың, технологиялар мен жабдықтардың жаңа түрлерін жасауға бағытталған барынша тиімді, ғылыми-техникалық және технологиялық әзірлемелерді игеру негізінде өнім сапасын тұрақты жетілдіру бағдарламасы ретінде қарастыру керек.

1- тапсырма. Берілген сөз тіркестерін орыс тіліне аударындар.

ұлттық өнеркәсіптің технологиялық деңгейі, жанама салаларды дамыту үшін, экономиканың бәсекеге қабілеттігін қамтамасыз етеді, машина жасаудың озық өсуі, қаулысымен бекітілген, қазіргі заманғы жабдықпен жаңғырту, жаңа кәсіпорындар құру, маркетингтік зерттеулер негізінде, тұрақты өткізу нарықтарын табу, кәсіпорындарды басқару менеджментін енгізу, технологиялық әзірлемелерді игеру.

2-тапсырма. Берілген сөздермен сөз тіркестерін құраңдар.

Өндірісі, дамыту, қолдану, сапасы, мәселесі, саласы, технологилық, құрылғысы, өсуі.

3-тапсырма. Берілген мәтінді қазақ тіліне аударыңдар.

Последние годы в машиностроительной отрасли наблюдается стабильный рост. По итогам 2018 года объем производства машиностроения впервые превысил отметку в 1 трлн тенге (1 089,8 млрд тенге). В 2019 году высокая динамика роста сохранилась. По итогам 8 месяцев 2019 года рост объема производства в машиностроении составил 18% по сравнению с аналогичным периодом прошлого года. В структуре отрасли наибольшую динамику роста среди подотраслей машиностроения демонстрирует автомобилестроение. На сегодняшний день в Казахстане ведется производство всех категорий автотранспортных средств. В стране собираются 167 моделей автомобилей, в том числе 39 легковых моделей, 22 мировых брендов. VI Форуме машиностроителей был обсужден Комплексный план развития машиностроения. По итогам данного обсуждения была разработана Дорожная карта развития машиностроения РК на 2019-2024 годы, которая была утверждена распоряжением Премьер-Министра РК. В целях дальнейшего развития отраслей в Дорожной карте предусмотрены точечные меры поддержки машиностроительных предприятий и ряд задач.

4-тапсырма. Берілген сан есімдерді сызба бойынша талдаңдар.

Тақырып 3.11 Ғылым мен техника саласында қызықты жаңалықтар. Ғылыми хабарлама

Сен білесің бе?

1. Қазақстандағы ең алғаш құрылған машина жасау кәсіпорнына 1909 ж. Верный (Алматы) қаласында орналасқан тұқым сепкіш машинасын жатқызуға болады.

2. Металл өңдеу өнеркәсібінің ең бір ерекше кәсіпорны - Өскемен қаласындағы Қазақстан Республикасының Монеталар сарайы. Ол 1992 жылы ұлттық валюта - теңгенің енуіне дайындыққа байланысты Үлбі металлургия зауытының бір цехының негізінде құрылған. Монеталар сарайы монеталар соғады, Қазақстан Республикасының ордендері мен медальдарын, төс белгілер мен әскери қызметкерлердің айыру белгілерін, әшекей бұйымдар шығарады.

3. Құны 20 млн. долларды құрайтын «Азия-Авто» зауыты Өскеменде 2003 жылы салынған. Бұл зауытта автокөлік дайын күйінде келген бөлшектерден құрастырылады. Оны ресейлік «АвтоВАЗ («Ниват») зауыты, чехиялық «Шкода-Ауто» («Шкода») және америкалық серіктестігінің оңтүстік корей филиалы «Дженерал Моторс» («Шевроле») зауыттары «Шкода» маркалы автокөлігін құрастыруға көшуде. Зауыттың жобалау қуаты - жылына 15 мың, 2008 ж. 3271 автокөлік құрастырылды: оның 2358- «Лада», 593 - «Шевроле» және 320 -«Шкода». Бұл еліміздегі ең ірі автокөлік құрастыратын өндіріс.

4. Қазақстанда барлығы 30-дай өр түрлі құрастыру өндірісі жұмыс істейді. Олардың көбі «Газель» автомобильдерін (микроавтобустар, самосвалдар, рефрижераторлар) троллейбустар, автобустар, ауыр жүк таситын «КамАЗ» автокөліктері, коммуналдық техника шығаратын Алматы қаласында орналасқан. Орал қаласында ресейлік «Ростауылмаш» зауытының «Нива-Эффект» комбайнын шығарады.

5. Жоспарлы экономика кезінде Қазақстанда өнімдері КСРО-ның басқа еш жерінде шығарылмайтын бірнеше ерекше зауыттары болды. Олардың ішінде «Ақтөбеауылмаш» (қой қыркатын машинкалар шығаратын), Алматы электротехника зауыты (жер асты тұзды суларын тұщыландыратын қондырғылар), «Целиноградауылмаш» (жер кабаттарын үйіндісіз өңдеу құралдары, дестелегіш және қар тоқтатқыштар) зауыттарын айтуға болады.

6. Көп уақытқа дейін Қазақстанның ауыр машина жасау өнеркәсібінде жетекші орында Алматы ауыр машина жасау зауыты болды. Зауыт әлі күнге дейін жұмыс істеуде. Зауыт өнімдері - алюминий, мыс сым темірлері, құбыр, прокат құралдары, металлургия, химия өнеркәсіптеріне және атом реакторларына арнап күрделі прокаттық құрал-жабдықтар шығарылады, олар - ТМД және шетелдердің көптеген зауыттарында пайдалануда.

7. Жоспарлы экономика кезеңінде республика аумағындағы қорғаныс-өнеркәсіп кешені құрамында 50 жоғары технологиялық зауыт жұмыс істеді. Бұл зауыттар әскери техника, қару-жарақ және оқ-дәрі шығарған. Солардың арасындағы жетекші зауыттар Петропавл (орта қашықтыққа ататын зымырандар, бұл зымырандар ядролық зарядтарды тасымалдай алатын КСРО

мен АҚШ арасындағы келісім бойынша қарудың бұл түрі жойылды), Алматы (әскери теңіз флотына арналған торпедо), Орал (атқыш қару-жарақ), Зырян (зымыран техникаларына арналған микросызбалар) қалаларында орналасты. Қазіргі кездің өзінде де осы аталған 50-ге тарта қорғаныс зауыттар Қазақстан және ТМД елдерінің Қорғаныс күшіне арнап, өнімдер шығаруда.

8. 2009 ж. Астана қаласында америкалық «Дженерал электрик» компаниясы мен ірі тепловоз құрастыратын зауыт пайдалануға берілді. Ол бүгінгі күнге сай Қазақстандықтар және шетел нарығы үшін ДЭ «Эволюция» маркалы 150 тепловоз шығаратын болды.

1-тапсырма. Оқып, аударындар.

2-тапсырма. Сөйлемдерді құрастыр

А) _____ жұмыс істейді.

Ә) Машина _____ жасау _____ технологиясы

Б) _____ тиімді пайдаланса, _____

В) _____ өнеркәсібінде _____

Г) _____ өте _____ қызықты

болғандықтан, _____

3-тапсырма. Берілген әріптерден сөздер құра.

Ы, д, ң, ды, қ, з, а. Е, х, қ, а, л, т, и, ы, н, к. ләткорнаик, ттпмашау, зиельдід, саныоткт, тлқоаррыша, ктжіеулі, адмйыанда, іөдікрістн.

4-тапсырма. Берілген етістіктерді сызба бойынша талда.

Істейді, орналасты, шығаратын болды, айтуға болады, құрастыратын болды, жатқызуға болады, шығаруда, пайдалануға берілді.

4 Бөлім. Кәсіптік -бағдарлық мәтіндері

Тақырып 4.1 Машина жасау саласында дайындама алу әдістері

Машина жасау саласында дайындама алу әдістері

Машина жасау өндірісінің металдар мен түрлі қорытпаларды балқытып, қажетті іші қуысты қалыпқа балқыманы құю арқылы әр түрлі бұйымдар мен дайындамаларды жасау саласын *құю өндірісі* деп атайды.

Қалыпқа құйғаннан кейін қорытпа қатайып, құймаға айналады (құйылған дайындама). Өндірілген дайындама кесіп өңдеуден өткеннен кейін мөлшерлері мен беттерінің кедір-бұдырлығы қажетті түрде қамтамасыз етіліп, машинаның бөлшегіне айналады. Машиналардың және жабдықтардың 50%-ы, металл кесу станоктарының 80%-ы, тоқыма машиналарының 72%-ы, тракторлардың 55%-ы бөлшектері мен тетіктері құйылып жасалады.

Құю әдісі арқылы басқа тәсілдермен жасауға болмайтын күрделі пішінді бұйымдар мен бөлшектерді жасауға болады. Ол бұйымдар мен бөлшектердің салмақтары бірнеше грамнан жүздеген тоннаға, мөлшерлері бірнеше сантиметрден 20 метрге, қалыңдығы 0,5 миллиметрден 500 миллиметрге дейін жетеді.

Құю өндірісі адамзатқа ерте заманнан бері белгілі. Металдар б.з.д. IV ғасырда Мысырда, Азияда, Үнді елдерінде әр түрлі тұрмысқа қажетті бұйымдар мен құрал-саймандар жасау үшін қажет болды. Олар алдымен қоладан, кейін шойыннан жасала бастады.

Қазақстанның аумағын мекендеген халықтар құю кәсібін жақсы меңгерген. Мысалы, XIII ғасырда осы күнгі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи сәулет ғимаратындағы Тайқазанды одан 25 шақырым жердегі Қарнақ деген мекенде тебриздік шебер Әбдул Азиз ибн Шарафуддин құйып жасаған. Қазан ерекше өрнектермен безендірілген. Қазанның сыртқы беттерінде құю арқылы Құранның аяттары жазылған. Қазанның салмағы – екі тонна, ернеуінің диаметрі – 2,45 метр, көлемі 60 шелек су сыятын етіп жасалған. Қазан құрамы асыл металдары бар күрделі қорытпадан тұрады.

ТМД елдеріндегі ғалымдардың ғылыми еңбектерінің нәтижесінде құю процесінің теориялық мәселелері зерттелуімен қатар, құюдың жаңа арнайы тәсілдері – кокильге құю, үздіксіз құю, қабыршық қабыққа, ортадан тепкіш машинамен, қысымның әсерімен, балқитын үлгілер арқылы меңгеріліп, өндіріс процестерін автоматтандыру мәселелері жүзеге асырылуда.

Сөздік:

қуысты қалып – пустотелый штамп (форма)

балқыту – плавка

құю өндірісі – литейное производство балқыма – плавка

құйылған дайындама – литая заготовка

кедір-бұдырлық – шереховатость

үздіксіз құю – непрерывное литье
қабыршық қабыққа – чешуя

1-тапсырма. Мәтіннен машина жасау саласына байланысты термин сөздерді теріп жазып, оларға түсініктеме беріңіздер.

2-тапсырма. Мәтіннен қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздерді теріп жазып, олардың дұрыс айтылуына назар аударыңыздар.

3-тапсырма. Берілген сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыздар.

В Казахстане выпускаются сельскохозяйственные машины, тракторы, горно-шахтное и кузнечно-прессовое оборудование, волочильные станки, экскаваторы, металлорежущие станки, радиоприемники и музыкальные центры, машины для животноводства и кормопроизводства, а также сотни других типов машин и механизмов.

3-тапсырма. Мәтіннен тұйық етістік формасында тұрған сөздерді теріп жазыңыздар және олардың қай сөз табының қызметін атқарып тұрғандығын анықтаңыздар.

4-тапсырма. Төмендегі сан есімдерді мағыналық топтарына қарай бөліп жазыңыздар.

Бір, мыңға жақын, он бес, алпысқа таман, қырық-елу, төрттен екі, екі-екіден, бес жарым, он бірінші, жетеу, екі мың он бесінші, бестерде, жиырма бес-жиырма алты шамасында, үшінші, жүз қаралы, мыңға тарта, төрт-төрттен.

5-тапсырма. Сөйлемдердегі етістіктерді райдың түрлеріне ажыратып, мағыналық ерекшеліктерін түсіндіріңіздер.

Қазақстанның аумағын мекендеген халықтар құю кәсібін жақсы меңгерген. Мысалы, XIII ғасырда осы күнгі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи сәулет ғимаратындағы Тайқазанды одан 25 шақырым жердегі Қарнақ деген мекенде тебриздік шебер Әбдул Азиз ибн Шарафуддин құйып жасаған. Қазан ерекше өрнектермен безендірілген. Қазанның сыртқы беттерінде құю арқылы Құранның аяттары жазылған. Қазанның салмағы – екі тонна, ернеуінің диаметрі – 2,45 метр, көлемі 60 шелек су сыятын етіп жасалған. Қазан құрамы асыл металдары бар күрделі қорытпадан тұрады.

Әдістемелік ұсыныс: Машина жасау өндірісінде құю әдісі арқылы басқа тәсілдермен жасауға болмайтын күрделі пішінді бұйымдар мен бөлшектерді жасауға болатындығын терең меңгеру, әңгімелеу.

Тақырып 4.2 Машина жасаудағы өндірістік және технологиялық процестер
 Машина жасау үш негізгі технологиялық кезеңнен тұрады . Бірінші кезең -
 құю, соғу немесе сығымдау арқылы бөлшектер даярлау. Екіншісі -
 бөлшектерді станоктарда механикалық өңдеуден өткізу, ал үшіншісі -
 бөлшектерден дайын өнімдер құрастыру. Егер зауыт өндірістің барлық үш
 кезеңін жүзеге асырмай, тек біреуімен ғана айналысса, ол технологиялық
 мамандану, яғни технологиялық процестер кезеңі бойынша мамандану болып
 табылады. Мысалы, Өскемендегі автокөлік құрастыру зауыты автокөліктерді
 тек дайын бұйымдар жиынтығынан құрастырады. Яғни бұл - технологиялық
 мамандану болып саналады. Кез келген мамандану (технологиялық, тетіктік,
 бұйымдық) кәсіпорындар арасындағы кооперативтендірусіз
 (ынтымақтасусыз) мүмкін емес. Кез келген автокөлік түрлі бөлшектерден
 (мысалы, электровоздарда олардың саны 200 мыңнан астам) тұрады. Бір
 зауытта олардың барлық түрлерін шығару мүмкін емес және
 тиімсіз. Сондықтан бір зауыт екінші біреумен кооперативтендіріледі.
 Мысалы, «Азия-Авто» зауыты «Нива» көлігіне аккумуляторларды
 Талдықорғаннан әкеледі. Сонымен, машина жасау кешені салааралық емес
 ішкі салалық дамуымен ерекшеленеді.

1-тапсырма. Мәтін оқып шығыңдар.

2-тапсырма. Мәтіннен өзің білетін 10 сөзді теріп жазып, орыс және шетел
 тіліне аударыңдар.

3-тапсырма. Берілген сөздермен мәтін құрастырыңдар.

Өндірістік тәжірибеде, теориялық білім, практикалық дағылар, сапалы білім,
 үйретеді, жұмыс беруші, уақытылы орындау, тапсырмалар, жауапкершілік,
 ұжым арасында, тіл табысу.

4-тапсырма. Қостанай қаласында қандай машина түрлерін құрастырады?

5-тапсырма. Мәтіннен сөздерді кесте бойынша бөліп жазыңдар.

Көптік жалғау	Септік жалғау	Жіктік жалғау	Тәуелдік жалғау

Тақырып 4.3 Машина жасау өндірісінің түрлері мен типтері

Маманданудың үш түрі - бұйымдық, тетіктер мен бөлшектер шығару және технологиялық түрлері бар. Машина жасаудың әр саласы белгілі бір өнім түрлерін: трактор жасайтын - тракторлар, станок жасайтын - станоктар, аспаптар жасау - аспаптар шығарады. Бір салаға өнім шығаратын зауыттар сол өз саласына орай маманданады. Мысалы, Қызылордадағы ауыл шаруашылық машиналарын шығаратын зауыт - күріш жинайтын машина, Астанадағы зауыт - тұқым сепкіш трактор, Павлодардағы зауыт - тракторлар шығарады. Өнімдер бойынша ондай мамандануды - бұйымдық мамандану деп атайды. Машина жасау зауыттары, кеп жағдайда, дайын өнім емес (станок, автомобиль), оның бөлшектерін шығарумен айналысады. Ондай мамандануды бөлшектер бойынша мамандану деп атайды. Мысалы, Степногордағы зауыт темір жол подшипниктерін, Қостанайдағы - ауыл шаруашылық машиналары үшін дизель қозғағыштарын, ал Талдықорғандағы - аккумуляторлар шығарады. Машина жасау зауыттарының үшінші бір түрі - технологиялық мамандану.

1-тапсырма. Мәтін бойынша 3 сұрақ дайындаңдар.

2-тапсырма. Мәтінді орыс тіліне аударыңдар.

Бүгінде елімізде машина жасау саласының кешенді өндірісі қалыптасып қана қойған жоқ, сонымен бірге индустриялық дамудың жаңа қырлары ашылып, ел экономикасының мұнай шикізатына тәуелділіктен құтылуының алғашқы нышандары қалыптаса бастады. Индустрияландыру бағдарламасының бес-жылдықтары белесінде еліміздің машина жасау өндірісі еселей артты. Индустрияландыру картасының шеңберінде бұл салада жүзден астам ірі жобалар іске қосылды. Мемлекеттің мақсатты көмегінің нәтижесінде бұрын-соңды Қазақстанда шығарылып көрмеген өнімдерді шығару жолға қойылды. Атап айтқанда, қазір елімізде мобильді бұрғы-лау кешендерін, электровоздар, локомотивтер, жүк және жолаушылар вагондарын, бульдозерлер, жеңіл және жүк автомобильдерін шығаратын өндіріс орындары құрылып, жұмыс істей бастады. Тікұшақтар шығаратын кешенді зауыт іске қосылды.

3-тапсырма. Сөйлемнің екінші бөлігін табыңдар.

Көптеген ірі зауыттар дағдарыс кезінде	пайда болуына себеп болды.
Жаңа өнімдерге сұраныс өндірістің жаңа түрлерінің	2000-нан астам кәсіпорындар бар.
Сол себепті қазіргі уақытта машина жасау кешенінің құрамында	жұмыскерлер қызмет етеді.
Онда өндірістің барлық салаларының арасында ең көп (13%)	небәрі 4%-ды ғана құрайды.
Бірақ кешеннің өнім өндіру үлесі	ұсақ кәсіпорындарға бөлініп кетті

4-тапсырма. Берілген сөйлемдерге морфологиялық талдау жасаңдар.

Машина жасаудың дамуына шет елдік серіктестермен біріккен кәсіпорындар жағдай жасайды. Мысалы, автомобиль жасау (Көкшетаудағы автобус құрастыру зауыты) мен трактор жасаудың (Семейдегі) дамуына ықпал ететін

ресей-қазақстан «Қазақстан-КамАЗ» консорциумы құрылды. Көптеген кәсіпорындарда тетіктер мен түйіндер жасалынып, ал олардан машиналарды Қазақстаннан тысқары жерлерде шығарды. Республикаға қажетті машинаның 3/4 бөлігі шеттен тасымалданып әкелінді.

5 Бөлім. Қазіргі заманғы іс қағаздары

Тақырып 5.1 Құжат пен құжаттау туралы түсінік

Ісқағаздарының түрлері өте көп, олардың негізгі түрлерін мақсаты мен мазмұнына, жасалған орнына, жасалу сатысына, қызметіне, формасына т.б. ерекшеліктеріне қарап топтастыруға болады.

Ісқағаздары мазмұны мен қызметіне қарай үш топқа бөлінеді.

1-ші топ. Жеке адам өміріне қатысты құжаттар.

2-ші топ. Азаматтық қарым-қатынасты реттейтін құжаттар.

3-ші топ. Басқару, ұйымдастыру қызметіне қатысты құжаттар.

Жеке адам өміріне қатысты ісқағаздары	Азаматтық қарымқатынастарды реттейтін ісқағаздары	Басқару, ұйымдастыру қызметіне қатысты ісқағаздары
Түйіндеме Өмірбаян Жеке іс парағы Өтініш Арыз Мінездеме Кепілдеме Визит карточкасы Анықтама Жеделхат	Қолхат Кепілхат Сенімхат Өтінім Тапсырыс Келісімшарт Шарт Еңбек шарты Еңбек келісімі	Хаттама Қызметтік хаттар Хабарландыру Бұйрық Жарлық Үкім Өкім Жарғы Ереже Қаулы Шешім

Формасына қарай:

- Типтік;
- Трафареттік;
- Еркін мәтінді болып бөлінеді.

1. Типтік ісқағаздары деп қалыптасқан мәтін-үлгі бойынша жазылатын ісқағаздарын айтамыз. Мысалы: арыз, өтініш т.б.

2. Трафареттік ісқағаздары деп мәтіннің белгілі бір бөлігі алдын ала баспаханалық әдіспен басылып дайындалған құжаттарды айтамыз. Мәтіннің алдын ала дайындалған бөлігінде өзгермейтін ақпарат жазылады. Мысалы: студенттің белгілі бір оқу орнында оқитынын растайтын студенттік билет, анықтама т.б. Мұнда студенттің аты-жөні, тегі, оқитын бөлімі мен курсы жазылатын арнайы орын қалдырылып, қалған бөлігі баспаханалық әдіспен басылып, алдын ала дайындалады.

3. Еркін мәтінді ісқағаздарына қалыптасқан үлгі бойынша жазылмайтын құжаттар жатады. Мысалы: пікір. Еркін мәтінді ісқағаздарын безендіруде де жалпы ісқағаздарына қойылатын талаптар сақталады.

Қолданылу орнына қарай:

- Мекемеішілік;
- Мекемеаралық;
- Мемлекеттік;
- Халықаралық болып бөлінеді.

Шығу, жасалу сатысына қарай:

- түпнұсқалық;

- көшірмелік болып бөлінеді.

Түпнұсқалық ісқағаздарына кез келген құжаттың бірінші рет жасалған нұсқасы (оригинал) жатады. Ал көшірмелік ісқағаздарына түпнұсқаның мәтіні сол күйінде, өзгеріссіз сақталып алынған толық нұсқасы немесе белгілі бір бөлігі жатады. М: Көшірмелік ісқағаздарына кез келген құжаттың көшірмесін (диплом көшірмесі, бұйрықтың көшірмесі т.б.), үзіндісін (хаттамадан үзінді, бұйрықтан үзінді т.б.), дубликатын жатқызуға болады. Үзінді – құжаттың қажетті бөлігінің мәтіні өзгертілмей жазылған, қолға берілетін нұсқасы. Дубликат – құжат жоғалған кезде берілетін құжаттың түпнұсқасымен күші бірдей көшірмесі.

Тақырып 5.2 Түйіндеме

Түйіндеме – белгілі бір тұлғаның өмірбаяны, білімі, мамандығы, кәсіптік шеберлігі, біліктілігі, икемділігі жайлы нақты, қысқа мәлімет беретін ісқағазының бір түрі. Түйіндеме (Резюме) – француз тілінен алынған термин. “Айтылған я жазылған мәселенің қысқаша түйіні” деген мағына береді.

Құрылымы:

1. Құжат атауы.
2. Үміткер туралы толық мәлімет: (аты-жөні, туған жылы, күні, айы, туған жері, ұлты, жынысы, отбасы жағдайы, азаматтығы).
3. Мекенжайы, телефондары, электрондық пошта (e-mail).
4. Үміттеніп отырған орны.
5. Білімі, бітірген оқу орындары.
6. Мамандығы.
7. Еңбек өтілі, жұмыс тәжірибесі.
8. Ғылыми атағы, дәрежесі.
9. Жетістіктері.
10. Тілдерді білуі.
11. Компьютерді білуі.
12. Жеке қасиеттері.
13. Қызығушылығы.
14. Қосымша ақпараттар.
15. Ұсыным хат немесе кепілдеме.

Түйіндемеде белгілі бір адам туралы мәліметтер ықшам әрі нақты түрде беріледі. Түйіндеме 3-ші жақта жазылады.

1-үлгі

ТҮЙІНДЕМЕ

Аты-жөні: Асанова Арай Болатқызы

Туған күні, айы, жылы: 11.09.1990 ж.

Туған жері: Алматы қаласы

Ұлты: қазақ

Жынысы: әйел

Отбасы жағдайы: тұрмыс құрмаған

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Мекенжайы, телефоны, e-mail: С.Сейфуллин даңғылы, 179 үй; 87015559577; asanova@mail.ru

Үміттеніп отырған орны: АТФ банкі. Менеджер

Білімі: жоғары Бітірген оқу орындары: 2005-2009 жж. Алматы қаласы,

Халықаралық Бизнес Академиясы Мамандығы: экономика

Еңбек өтілі, жұмыс тәжірибесі: жоқ

Ғылыми атағы, дәрежесі: жоқ

Жетістіктері: 2002 ж. Алматы қаласы, Облыстық олимпиада, 1 орын (математика пәні). 2003 ж. Алматы қаласы, Республикалық олимпиада, 2 орын (математика пәні).

Тілдерді білуі: қазақ тілі – ана тілі, орыс тілі – жетік, ағылшын тілі – орташа
Компьютерді білуі: Microsoft Word, Exell
Жеке қасиеттері: жауапты, тиянақты, ұқыпты
Қызығушылығы: кітап оқу, музыка тыңдау, сурет салу
Қосымша ақпараттар: автокөлік жүргізе алады
Ұсыным хат немесе кепілдеме: Ұсыным хат қосымшада тіркелген

1-тапсырма. Сөз тіркестерін аударыңыз.

Азаматтығы туралы мәлімет, тілдерді білуі, жұмыс тәжірибесі, қысқа әрі нақты, жұмысқа орналасу, компьютерді білуі, ұйымдастырушылық қабілеті, алға қойған міндеттері, спортқа қатысы, бос уақытында шұғылданатын ісі, ғылыми дәрежесі.

2- тапсырма. Сұхбатпен танысыңыз және орыс тіліне аударыңыз. – Арман, маған көмектесіп жіберші. – Қандай көмек керек, Әсел?

– «Мұнайгаз» компаниясында конкурстық негізде қабылдайтын хатшы-референттің бос қызмет орны бар екен. Мен сол конкурсқа қатысайын деп едім. Соған түйіндеме дайындау керек.

– О-о, бұл өте жақсы ғой. Түйіндемеде өзің туралы мәліметтерді толық, бірақ нақты етіп беруге тырыс.

– Міне, жазған түйіндемеді көріп жіберші, өзім туралы жалпы ақпараттарды толық берген сияқтымын. Тағы не қосуға болады?

– Сен өзіңнің жеке қасиеттеріңді көрсетпепсің. Бұл өте маңызды.

– Сен қалай ойлайсың? Қандай жеке қасиеттеріңді жазуға болады?

– Әсел, сенің бойыңда жақсы қасиеттер өте көп қой! Мысалы: жауаптысың, ұжыммен жұмыс істей білесің, сондай-ақ ұйымдастырушылық қабілетің де бар. Меніңше, осы жақсы қасиеттеріңнің бәрін жазуың керек.

– Көмегіңе рахмет, Арман. – Оқасы жоқ.

3- тапсырма. Сұхбат бойынша сұрақтардың жауабын жазыңыз.

Конкурс жариялаған қандай компания? 2. Қандай бос қызмет орнына конкурс жариялаған? 3. Арман Әселдің қандай жақсы қасиеттерін атап өтті?

4- тапсырма. Мәтін бойынша түйіндеме жазыңыз. Аты-жөніңіз... Жасыңыз 29-да. Орал қаласында дүниеге келдіңіз. Заң және сыртқы экономикалық байланыс саласында жалақысы жоғары қызмет іздеп жүрсіз. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультетін әлемдік экономика мамандығы бойынша бітірдіңіз. «Синтез-А» Ашық акционерлік қоғамында қызмет істедіңіз. Ана тіліңіз – қазақ тілі, орыс және ағылшын тілдерін өте жақсы білесіз. Отбасыңыз бар. Сіздің бойыңыздағы жақсы қасиеттеріңіз: тез тіл табыса білу, жауаптылық, ұйымдастырушылық қабілет. Мекенжайыңыз...

Тақырып 5.3 Өмірбаян

Өмірбаян – жеке адамның өмір жолы мен қызметі хронологиялық тәртіпте жазылған ресми құжат.

Өмірбаян азат жолдан «Мен» – деп басталып, бірінші жақта, жекеше түрде баяндалады.

Құрылымы:

1. Құжаттың атауы.
2. Аты-жөні (толық жазылады), туған күні, айы, жылы, туған жері.
3. Ұлты. Азаматтығы.
4. Білімі, оқыған оқу орындары.
5. Жетістіктері.
6. Отбасы (ата-анасы, жұбайы, балалары) туралы мәлімет.
7. Қосымша мәліметтер (тіл білуі, қызығушылығы) т.б.
8. Қазіргі жұмысы, мекенжайы туралы мәлімет.
9. Құжаттың жазылған күні, айы, жылы.
10. Қолы.

1- тапсырма. Сұрақтарға үлгі бойынша жауап беріңіз.

Үлгі:

– Сіз қазақша жаза аласыз ба?

– Жаза аламын.

– Иә, ол қазақша жаза алады.

1. Сіз ісқағаздарын қазақ тілінде жүргізе аласыз ба?

2. Сіз қазақша еркін сөйлей аласыз ба?

3. Сіз маған өмірбаян жазуға көмектесе аласыз ба?

4. Сіз компьютерде жұмыс істей аласыз ба?

5. Сіз менің сұрағыма жауап бере аласыз ба?

6. Сіз іссапарға бара аласыз ба?

7. Сіз ертең жұмысқа келе аласыз ба?

8. Сіз өмірбаян жаза аласыз ба?

9. Сіз мәтінді дұрыс оқи аласыз ба?

10. Сіз бүгін кешкі жаңалықтарды тыңдай аласыз ба?

11. Сіз мәтінді орыс тілінен қазақ тіліне аударып аласыз ба?

2- тапсырма. Сұхбат мазмұны бойынша қажетті сөздерді (сұрақтарды) толтырыңыз.

Тілші: – Сәлем, Айша. Менің интервью алғаныма қарсы емессің ғой деп ойлаймын.

Айша: – Әрине, қарсы емеспін. Мен сенің сұрақтарыңа қуана жауап беремін.

Тілші: – Онда бірінші сұрағым.

Айша: – Талдықорған қаласынанмын.

Тілші: – Сіз

Айша: – Иә, тұрмыстамын. Екі балам бар.

Тілші: – Кешір, ал

Айша: – Иә, менің ағам, сіңлім бар.

Тілші: –

Айша: – Олар әлі кішкентай. Саябаққа барғанды ұнатады.

Тілші: –

Айша: – Иә, олар Талдықорғанда тұрады. Әкем де, шешем де зейнеткер.

3- тапсырма. Сұрақтарға жауап бере отырып, өз өмірбаяныңызды жазыңыз.

1. Сіздің аты-жөніңіз кім?
2. Сіз қай жерде және қашан дүниеге келдіңіз?
3. Сіздің отбасы жағдайыңыз қандай?
4. Сіздің біліміңіз қандай?
5. Сіз қайда оқыдыңыз, нені бітірдіңіз?
6. Сіздің мамандығыңыз қандай?
7. Сіз қайда жұмыс істедіңіз?
8. Қазір қайда жұмыс істейсіз?
9. Сіз қандай компьютер бағдарламаларын білесіз?
10. Қай тілде еркін сөйлейсіз?
11. Әскери қызметке міндеттісіз бе?
12. Қандай әскери атағыңыз бар?

4- тапсырма. Орыс тілінде жазылған «Өмірбаянды» қазақ тіліне аударыңыз. (Үлгіден алыңыз).

Автобиография

Я, Исаев Марат Болатович, родился 1 сентября 1974 года в селе Талас. Мой отец – Исаев Болат, работает экономистом. Моя мать – Исаева Алия, домохозяйка. С 1990 года по 2001 год я учился в средней школе №1. Был редактором школьной стенгазеты. В школе увлекался математикой, принимал участие в олимпиадах. Занимался спортом. В 2002 году поступил в МАБ. В настоящее время являюсь студентом 2 курса Международной Академии Бизнеса.

18.02.2004.

Тақырып 5.4 Өтініш

Өтініш дегеніміз – азаматтардың жеке құқықтары мен мүдделерінің жүзеге асырылуы мазмұндалатын, ресми түрде жазбаша баяндалатын, өтіну, өтініш білдіру, сұрау туралы лауазымды тұлғаға бағытталған ресми құжат.

Өтініш, негізінен, мынандай жағдайларда жазылады:

- оқуға түскен кезінде;
- басқа оқу орнына ауысқанда;
- бір факультеттен басқа факультетке ауысқанда;
- жатақханадан орын сұрағанда;
- жұмысқа қабылдау кезінде;
- басқа жұмысқа ауысқанда;
- жұмыстан босату кезінде;
- кезекті демалыс сұрау кезінде;
- кезектен тыс демалыс сұрағанда;
- материалдық көмек сұрағанда;
- денсаулығына байланысты академиялық демалыс алғанда т.б.

Құрылымы:

1. Кімге жазылғаны (мекеменің толық атауы, лауазымы, аты-жөні, дәрежесі / атағы).
2. Кімнің жазғаны: (мекенжайы, қызметі, лауазымы, аты-жөні).
3. Құжат атауы (өтініш).
4. Негізгі мәтін.
5. Жазылған мерзімі.
6. Өтініш иесінің қолы.

1-үлгі

ҚР Ұлттық кітапханасының
Бас меңгерушісі
А.Бағдатоваға
Алматы қаласы, Қастеев көшесі,
12 үй, 7 пәтердің тұрғыны
Жайлаубаева Құралайдан

ӨТІНІШ

Менің сізге өтініш беру себебім, оқу талабына байланысты сирек кездесетін «Құнды кітаптар» қорына мүше етіп алуыңызды сұраймын.

03.07.10.

(Қолы)

2-үлгі

Халықаралық Бизнес Академиясының
Президенті
А.Қожахметовке
Қаржы-экономика факультеті
«Менеджмент» мамандығының 1 курс студенті

ӨТІНІШ

Менің сізге өтініш жазу себебім, Атырау қаласынан келуіме байланысты Магистранттар және Студенттер үйінен орын алуға рұқсат беруіңізді сұраймын.

15.07.10.

(Қолы)

1- тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

Оқытушы қызметіне Кезекті демалыс Кезектен тыс Материалдық көмек Инженер ретінде Астана қаласына Өз еркіммен жұмыстан Жатақханадан орын Іссапарға	беруіңізді қабылдауыңызды ауыстыруыңызды босатуыңызды көрсетуіңізді беруіңізді қабылдауыңызды жіберуіңізді босатуыңызды	өтінемін (сұраймын)
---	---	---------------------

2- тапсырма. Қазақшаға аударыңыз. рассмотреть заявление –

.....
 зарегистрировать заявление – дать
 ответ на заявление – заявление
 студента – подать заявление –
 написать заявление –
 принять заявление –
 не рассматривать заявление –
 содержание заявления –

3- тапсырма. Сөйлемді дұрыс құрастырыңыз.

- кезектен тыс демалыс / байланысты / отбасы жағдайыма / беруіңізді өтінемін.
- қабылдауыңызды / қызметіне / бағдарламашы / бастап / 2013 жылдың 12 мамырынан / сұраймын.
- орта мектептің / сұраймын / Ы.Алтынсарин / 11 сыныбына / атындағы / қабылдауыңызды.
- қызметімнен / атқарып отырған / сұраймын / босатуыңызды.
- сұраймын / ауыстыруыңызды / бөліміне / техникалық қызмет көрсету.
- беруіңізді / 3 ай көлемінде / сұраймын / шығармашылық демалыс. қажеттілікке байланысты / іссапарға жіберуіңізді / өндірістік / сұраймын.

Тақырып 5.5 Мінездеме

Мінездеме дегеніміз – белгілі бір адамды өмірбаяндық, біліктілік, кәсіптік, адамшылық тұрғыда мінез-құлқын сипаттай отырып жазылатын ісқағазының бір түрі. Мінездеме 2 дана етіп дайындалады. Біріншісі талап етуші мекемеге жіберіледі, екіншісі мінездеме иесінің жеке ісіне немесе мінездемелер тіркелетін іске тігіледі. Барлық мінездемелерге мекеме мөрі басылады.

Мінездеме ресми стильде, еркін түрде жазылады.

Жалпы тәжірибеде мінездеменің 3 түрі бар. Олар:

1. Қызметтік мінездеме.
2. Аттестациялық мінездеме.
3. Жеке (функционалды) мінездеме.

Мінездеменің мақсаты:

- Жеке тұлғаның мінезін сипаттау.

Мінездеменің ерекшеліктері:

- Басқа біреу тарапынан жазылады.
- Үшінші жақта жазылады.
- Ресми стильде жазылады.

Құрылымы:

1. Құжаттың атауы.
2. Мінездеме берілетін адам туралы қысқаша мәлімет: а) аты-жөні, туған жері, туған күні, айы, жылы, ұлты, азаматтығы; ә) білімі, бітірген оқу орындары; б) қызмет істеген жылдары, орны.
3. Негізгі мәтіні: а) кәсіби біліктілігі (өз міндетіне, қоғамдық тапсырмаларға қатысы); ә) жеткен жетістіктері; б) отбасы жағдайы; в) жеке басының адамгершілік қасиеттері; г) сын көтеру қабілеті.
4. Қорытынды.
5. Мінездемені талап етуші ұйымның атауы.
6. Мінездеме беруші туралы мәлімет.
7. Мінездеме берілген күн, ай, жыл.
8. Қосымша.

3-үлгі. Жеке (функционалды) түрі

Мінездеме

Алпамысов Сәкен Азатұлы 1966 жылы Алматы қаласында туған. Білімі жоғары. Ұлты – қазақ. Қазақстан Республикасының азаматы. 1990-1996 жылдар аралығында «Қызыл-ту» өндірістік бірлестігінде инженер болып қызмет істеді. 1996 жылдан бастап осы бірлестіктің «Бақылау-өлшеу аппаратурасы» бөлімінің аға инженері қызметін атқаруда. Алпамысов Сәкен Азатұлы бақылау-өлшеу аппараттары бөлімінде аға инженер болып істеген кезінде, қабілетті, білімді, ұқыпты қызметкер ретінде өзін жағымды жағынан көрсете білді. Өз мамандығы бойынша кәсіптік шеберлікті жақсы меңгерген. Компьютермен жұмыс істеу тәжірибесі мол. Француз тілінен базалық білімі бар. Үйленген. Мектеп жасына дейінгі ұл мен қыз тәрбиелеп отыр. 1996

жылы Санкт-Петербург электротехникалық институтында «Бақылау-өлшеу құралдарын автоматтандыру» мамандығы бойынша дайындықтан өтті. Оқу орнынан берілген пікір жағымды. Мінезі ашық, бірақ аздаған сабырсыздығы бар. Ұйымдастырушылық қабілеті ерекше. Ерік-жігері орташа. Қиын жағдайда өз бетінше, дұрыс шешім қабылдай біледі. Өндірістік мәселелерді талқылағанда тік мінезділік көрсетеді, тым турашыл. Сынды дұрыс түсінеді, кемшіліктерін тез түзеуге тырысады. Мінездеме «Еңбек келісімін» ұзарту үшін берілді.

Мінездеме беруші: «Қызыл-ту» өндірістік бірлестігі Бақылау-өлшеу аппараттары бөлімінің бастығы А. Бакбергенұлы 8 сәуір, 2010 жыл

(қолы)

1- тапсырма: Мына сөздерді қазақ тіліне аударыңыз.

Ответственность, грамотность, достижение, совместно с коллегами, за время работы, результат научной работы, результаты научных исследований, выполнение поставленной задачи, среди студентов, с коллегами по работе, затруднительное положение.

2- тапсырма: Сөйлемдерді дұрыс құрастырыңыз.

1. Бітірген / мамандығы бойынша / Құрманғазы атындағы Өнер институтын / Алтынбеков Серік / 1968 жылы / актер, режиссер.

2. Қызметін атқарған / қазақ радиосында / 1969-2000 жылдар аралығында / дыбыс режиссері.

3. Телерадио / Бүкілодақтық білім жетілдіру институтын / саласы бо- йынша / бітірген / Мәскеу қаласындағы / 1972 жылы.

4. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті / жетекші маман / теле-радио-фото зертханасында / қызметін атқарады / 2000 жылдан / журналистика факультетінің.

5. Маманы / және / сөйлеу техникасының / көркем сөз.

6. Орындайды / жұмысты / өзіне тапсырылған / жауапкершілікпен.

7. Арасында / мен / студенттер / беделді / өз әріптестері.

3- тапсырма: Мына сөздерді орыс тіліне аударыңыз.

Тәжірибелі, тәжірибесі мол, ұқыпты, білікті, өзін жағымды жағынан көрсете білді, әріптестерінің арасында беделді, өз ісін жетік білетін, тәжірибелі маман, берілген тапсырмаларды жауапкершілікпен орындай- ды, мінезі ашық, сабырлы, біртоға, жолдастарына адал, ұйымдастыру- шылық қабілеті бар, қиын жағдайда өз бетінше дұрыс шешім қабылдай алады, сынды дұрыс түсінеді, кемшіліктерін тез түзетуге тырысады.

4- тапсырма. Мінездеме үлгісі бойынша досына мінездеме жаз.

Мінездеме

Алпамысов Сәкен Азатұлы 1966 жылы Алматы қаласында туған. Білімі жоғары. Ұлты – қазақ. Қазақстан Республикасының азаматы.

1990-1996 жылдар аралығында «Қызыл-ту» өндірістік бірлестігінде инженер болып қызмет істеді.

1996 жылдан бастап осы бірлестіктің «Бақылау-өлшеу аппаратурасы» бөлімінің аға инженері қызметін атқаруда.

Алпамысов Сәкен Азатұлы бақылау-өлшеу аппараттары бөлімінде аға инженер болып істеген кезінде, қабілетті, білімді, ұқыпты қызметкер ретінде өзін жағымды жағынан көрсете білді. Өз мамандығы бойынша кәсіптік шеберлікті жақсы меңгерген. Компьютермен жұмыс істеу тәжірибесі мол. Француз тілінен базалық білімі бар. Үйленген. Мектеп жасына дейінгі ұл мен қыз тәрбиелеп отыр.

1996 жылы Санкт-Петербург электротехникалық институтында «Бақылау-өлшеу құралдарын автоматтандыру» мамандығы бойынша дайындықтан өтті. Оқу орнынан берілген пікір жағымды.

Мінезі ашық, бірақ аздаған сабырсыздығы бар. Ұйымдастырушылық қабілеті ерекше. Ерік-жігері орташа. Қиын жағдайда өз бетінше, дұрыс шешім қабылдай біледі. Өндірістік мәселелерді талқылағанда тік мінезділік көрсетеді, тым турашыл. Сынды дұрыс түсінеді, кемшіліктерін тез түзеуге тырысады.

Мінездеме «Еңбек келісімін» ұзарту үшін берілді.

Мінездеме беруші: «Қызыл-ту» өндірістік бірлестігі Бақылау-өлшеу аппараттары бөлімінің бастығы А. Бақбергенұлы

8 сәуір, 2010 жыл

(қолы)

Тақырып 5.6 Кадр жөніндегі «Жеке іс қағазы»

Кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы дегеніміз – белгілі бір тұлға туралы толық мәлімет беретін, арнайы бланкіге толтырылатын ісқағаздарының бір түрі. Кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы – жұмысқа қабылдану, магистратураға тапсырған кезде, кандидаттық және докторлық диссертация қорғайтын кезде, сайланбалы органдарға сайлану кезінде, сондайақ ұйымдар, мекемелер талап еткен жағдайларда толтырылатын арнаулы бланк түріндегі ресми құжат.

Құрылымы:

1. Аты-жөні.
2. Жынысы.
3. Туған күні, айы, жылы.
4. Туған жері (ауыл, аудан, қала, облыс, республика).
5. Ұлты, азаматтығы.
6. Білімі.
7. Жеке куәлік нөмірі.
8. Мекенжайы.
9. Телефоны.
10. Оқу орнының атауы, орналасқан жері. Түскен жылы. Бітірген немесе шыққан жылы. Бітірмесе, қай курстан кетті. Қандай мамандық бо- йынша білім алды. Оқу орнын бітірген соң кім болып шықты, диплом не куәлік нөмірі.
11. Қандай шетел тілдерін және ТМД халықтарының тілдерін білесіз (қандай дәрежеде).
12. Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы.
13. Ғылыми еңбектері және жаңалықтары (өнертабыстары).
14. Еңбек жолы (Келген уақыты. Кеткен уақыты. Күні, айы және жылы. Қызметі, мекеме, ұйым, кәсіпорын, министрлік). Мекеме, ұйым, кәсіпорынның тұрған жері.
15. Сайланбалы орындарға қатысуы (Сайланбалы органның тұрған жері. Сайланбалы органның атауы. Кім болып сайланған. Сайланған жылы. Шығарылған жылы).
16. Мемлекеттік марапаттары.
17. Әскери қызметке қатысы, әскери атағы (Құрамы. Әскер түрі).
18. Жеке іс парағын толтырған кездегі отбасы жағдайы (Отбасы мүшелерінің туған күні, айы, жылы).
19. Толтырылған мезгілі.
20. Қолы.

1- тапсырма. Берілген қосымшалар арқылы келесі сөздерден қызмет иесін айқындаңыз.

-шы / -ші	-кер / -гер
Қызмет	Қызмет
Жұмыс	Қайрат

Тергеу	Заң
Оқу	Кәсіп
Жазу	Іс
Сурет	Қаржы
Ән	Бап
Тыңдау	Тәлім
Би	Әдіс
Ем	Қалам
Шаңғы	Дәрі
Демеу	Зейнет
Қолдау	Қылмыс
Көмек	Жұмыс
Аударма	Айла

2- тапсырма. Төмендегі кәсіп, мамандық атауларының қазақша баламасын жазыңыз.

- 1) врач-стоматолог
- 2) правовед-юрист
- 3) мажилисмен
- 4) директор фирмы «Арай»
- 5) председатель ТОО
- 6) первый заместитель Министра
- 7) помощник ректора
- 8) Аким Созакского района Южно-Казахстанской области
- 9) главный специалист
- 10) ведущий научный сотрудник
- 11) младший научный сотрудник
- 12) секретарь-референт
- 13) руководитель организации
- 14) заведующий кафедрой
- 15) проректор университета
- 16) учитель средней школы
- 17) исполнительный директор
- 18) оперативный работник
- 19) чрезвычайный и полномочный Посол
- 20) программист
- 21) координатор

3- тапсырма. Керекті тілдік бірліктерді қойып, көшіріп жазыңыз.

1. Ана тілім – 2. Орыс тілін 3. «Парасат» орденімен 4. «Даңқ» ... марапатталдым. 5. Әскери қызметке 6. Әскери қызметке 7. Физика-математика ғылымдарының

Керекті тілдік бірліктер: докторымын, міндеттімін, міндетті емеспін, жетік білемін, қазақ тілі, орденімен, марапатталдым.

4- тапсырма. Сөйлемдерді дұрыс құрастырыңыз.

1. Қазақ / атындағы / ұлттық / әл-Фараби / университеті.
2. Еуразия / атындағы / университеті / М.Л. Гумилев / ұлттық.
3. Ұлттық / С.Д.Асфендияров / Қазақ / университеті / атындағы / медицина.
4. Техникалық / Қ.И. Сәтбаев / Қазақ / ұлттық / атындағы университеті.
5. Қызылорда / Қорқыт ата / мемлекеттік / университеті / атындағы.
6. Атындағы / мемлекеттік / Ш.Уәлиханов / университеті / Көкшетау.
7. Қазақ-Түрік / атындағы / Халықаралық / Қ.А. Яссауи / университеті.

БАҚЫЛАУ ПАРАҒЫ

модуля «Кәсіптік қызмет аясында кәсіптік лексиканы қолдану»

ТЕКСЕРУ СЫНАУ ТҮРІ ТИП ПРОВЕРОЧНОГО ИСПЫТАНИЯ	Диалог, монолог әдісімен сөйлеуді меңеру техникасы	Түсінік диктанты	Мәтіндерді аудару техникасы	Іскерлік сөйлеу дағдысын меңгеру
ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ/ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ РЕЗУЛЬТАТЫ ОБУЧЕНИЯ/ КРИТЕРИИ ОЦЕНКИ				
Оқыту нәтижелері 1: Қазақ және шетел тіліндегі кәсіби диалогтік сөйлеу тілін енгізу				
Бағалау өлшем шарттары 1: Жағдайға байланысты қисынды және ретті пікір айта алады. Кәсіби қарым-қатынас үдерісінде диалог жүргізе біледі.	V			
Оқыту нәтижесі 2: Өзінің кәсіптік қызмет саласында тілдесу үшін қазақ және шетел тіліндегі грамматика мен терминологияны меңгеру.				
Бағалау өлшем шарттары 2: Кәсіптік қатынасу үшін қажетті мамандық бойынша лексика-грамматикалық материалды меңгереді Мамандығы бойынша терминологияны қолданады		V		
Оқыту нәтижесі 3: Кәсіптік бағыттағы мәтіндерді аудару (сөздікпен) техникасын меңгеру.				
Бағалау өлшем шарттары 3: Кәсіби бағыттағы мәтіндерді оқиды және аударды (сөздікпен)			V	
Оқыту нәтижелері 4: Қазақ және шетел тіліндегі кәсіби диалогтік сөйлеу тілін енгізу				
Бағалау өлшем шарттары 4: Жағдайға байланысты қисынды және ретті пікір айта алады. Кәсіби қарым-қатынас үдерісінде диалог жүргізе біледі.				V

№ 1 Тексеру сынау түрі

1-тапсырма. «Қазақ тілінің тарихы» тақырыбына қатысты диалог құрастырады.

2-тапсырма. Мәтін бойынша диалог құрастырады.

Сөз мәдениеті қазіргі әдеби тілдің жұртшылық таныған, үлгі тұтқан нормаларын жеке адамдардың сақтауын талап етеді. Сөйлеуде диалектизмдерді, қарапайым, дөрекі сөздерді, варваризмдерді қолдану, орынсыз көп сөйлеу, бір пікірді қайталау беру, өзіне өзі сілтеме жасау, асқақтап сөйлеу, дене қимылдарын араластыра беру Сөз мәдениетіне жатпайды. Кірме сөздерді орынсыз жұмсай беру, сіреспе құрылымдарды қолдану Сөз мәдениетіне нұқсан келтіреді. Сөз мәдениеті сөйлеу әдеби деген ұғыммен ұштасып жатыр. Сөз мәдениеті теориясының дамуында лексикография, әсіресе нормативті түсіндірме сөздіктер, орфоэпиялық, орфографиялық, синонимдік т. б. арнаулы сөздіктер маңызды орын алады. Қазақ тіліндегі Сөз мәдениетінің дамуына ауыз әдебиетінің өкілдері және Абай, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, т.б. шығармаларының ықпалы зор болды. Қазақ тіл білімінде Сөз мәдениетінің мәселелерін А. Байтұрсынұлы, М. Балақаев, Р. Сыздықова т. б. ғалымдар зерттеді.

3-тапсырма. «Тілдің үштұғырлығы – заман талабы» тақырыбына монолог жазады.

№ 2 Тексеру сынау түрі

Берілген сөздерге түсінік бер.

Мамандық -

Техник-механик –

ТМД –

Машина жасау кешені –

Автокөлік –

Автокөлік жинау процесі –

Жұмыс орны -

№ 3 Тексеру сынау түрі

Мәтіндерді аударындар.

1. Машина (*франц. machine, лат. machina*) – механикалық қозғалысқа түсіп, энергия, материал және ақпарат түрлендіруге арналған құрылғы. Машинаның негізгі міндеті – еңбекті жеңілдету және оның жұмыс өнімділігі мен сапасын арттыру үшін адамның өндірістік қызметін ішінара немесе толықтай алмастыру. Атқаратын қызметіне қарай: энергетикалық, жұмыстық және ақпараттық машиналар болып ажыратылады. Энергетикалық машиналар кез келген энергия түрін механикалық энергияға түрлендіреді. Оларды машина-қозғалтқыштар деп те атайды. Бұларға электр қозғалтқыштары және электр генераторлары, іштен жанатын қозғалтқыш, турбиналар, піспекті (поршеньді) және бу машиналары, т.б. жатады. Жұмыстық машиналар заттың (материалдың, т.б.) пішінін, қасиетін, күйін, орналасу қалпын өзгертуге арналған. Оны технологиялық мәшине (металл кесу станогы, тоқыма станогы, машинасы, т.б.), көлік машинасы (автомобиль, ұшақ, т.б.) және тасымалдау машинасы (конвейер, элеватор, көтергіш кран, т.б.) деп ажыратады. Ақпараттық машиналарға есептеуіш мәшинелер мен құрылғылар, механикалық интеграторлар, т.б. жатады. Адамның тікелей әсер етуінсіз жұмыс істейтін машина түрі машина-автоматтар немесе автоматтар өндірісте кеңінен қолданыс тапты. Белгілі бір технологиялық процесті орындайтын әрі өзара тізбектей жалғасқан машина-автоматтар автоматтық желі құрайды.
2. Машина жасау – ауыр өнеркәсіптің еңбек құралдарын, тұтыну заттарын және қару-жарақ өнімдерін жасайтын негізгі саласы. Машина жасау өндірісі энергетикалық, электртехникалық, станок жасау және құрал-саймандар өнеркәсібі, аспап жасау, ауыл шаруашылық машиналарын жасау, т.б. салаларға бөлінеді. Қазақстанда машина жасау 2-дүниежүзілік соғыс жылдарында басқа республикалардан көшіріліп келген жабдықтар негізінде жасалды. Соғыстан кейін бұл сала жоғары қарқынмен дамып, көптеген жаңа өндіріс түрлері пайда болды. Республиканың машина жасау кәсіпорындары күрделі әрі металды көп қажет ететін машиналар, тау-кен, көмір, мұнай, металлургия, тамақ кәсіпорындары мен жеңіл өнеркәсіпке қажетті жабдықтар, сондай-ақ ауыл шаруашылығына, көлікке, құрылысқа арналған машиналар мен құрал-саймандар және электртехникалық аппараттар мен станоктар – барлығы мыңнан астам өнім түрлерін

шығарады. Алматыда металл кесу станогін, созу станын, электр аппаратурасын, гидротехникалық жабдықтар, Қарағандыда тау-кен шахтасы жарағын, кокс-химия техникасын, Шымкентте пресс-автоматтар, карданвал, Өскеменде түсті металлургия жабдығын, конденсатор, Павлодарда трактор, Астанада ауыл шаруашылығы техникасын, Қостанайда дизель моторын, Ақтөбеде рентген аппаратурасын, Атырауда мұнай өндірісіне қажетті машина мен жабдықтар, Талдықорғанда (Алматы облысында) аккумулятор, Кентауда экскаватор шығаратын өндіріс орындары жұмыс істейді.

3. Орта ғасырларда жел күшімен немесе адамның бұлшық еті күшімен қозғалатын арба жасалды.

1752 жылы орыс механигі Л. Шамшуреков екі адамның күшімен қозғалатын жүгірме арба жасады. 1769- 70 жылдары француз өнертапқышы Ж.Кюнь, ал одан бірнеше жылдан кейін Англияда У.Мердок және Р.Тревитик бу автомобилін құрастырды. 1784- 91 жылдары орыс өнертапқышы И.П. Кулибин жасаған басқышты арбаларды осы күнгі автомобильдерге тән механизмдердің (беріліс қорабы, сермер, механикалық тежеуіш, роликті мойынтірек, т.б.) біразы қолданылды. 19 ғасырда Англияда Г.Герн мен У.Ханкоктың, Францияда А.Болленің, А.де Дионның және Л.Серполеннің бу автомобильдері жолға шықты. Аталған ғасырдың аяғында шоғырлағыш батерияларынан қуат алатын автомобиль құрастырылды. 1879 жылы орыстың өнертапқышы О.С.Костович бензинмен жүретін карбюраторлы қозғалтқыш жасады. Жеңіл де ыңғайлы, жүрісі шапшаң және үнемді іштен жанатын қозғалтқыштың шығуымен автомобиль жасау ісі тез дами бастады. 1885 -87 жылдары неміс өнертапқыштары К.Бенц пен Г.Даймлер бірінші болып іштен жанатын қозғалтқышы бар автомобиль жасады. 1890 жылдары Францияда Паннар-Левассор және ДеДион – Бутон автомобильдері пайда болды. 1892 жылы АҚШ- та Генри Форд өзінің алғашқы автомобилін құрастырды, ал 1903 жылдан ол өндірісте шығарыла бастады. 1932 жылдан Кеңес Одағында ГАЗ –А автомобилін көптен шығару қолға алынды. М.Р.Бриллинг пен Е.О.Чудаков құрған автомобиль мектебі автомобиль жасауды жетілдіруде, оның пайдалану көрсеткіштерін жақсартуда маңызды рөл атқарды.

XX ғасырда Қазақстанда Сайрам арнайы автомобиль құрастыру зауыты, Петропавл қозғалтқыш, Павлодар трактор зауыттары және басқа мекемелер жұмыс істей бастады.

XXI ғасырдың басында Өскемен қаласындағы «Азия-авто» мекемесі «Нива» автомобилін шығара бастады. Жылдық өндірістік қуаты – 40 мың автомобиль.

Мәтінді қазақ тіліне аударындар.

ТОО «СарыаркаАвтоПром» - отечественный автопроизводитель, единственный завод в Казахстане, выполняющий требования промышленной сборки, в рамках которых выполняются операции по сварке, окраске и сборке кузовов. ТОО «СарыаркаАвтоПром» первая и единственная производственная площадка на территории Республики Казахстан, запустившая производство легковых автомобилей по мелкоузловому методу (СКД), а также осуществляющая производство всех типов транспортных средств.

Линейка производимой продукции на сегодняшний день представлена следующими брендами: JAC, Ankai, Yutong, Peugeot, Hyundai, Ravon, Niva Chevrolet, UAZ, MAN. Дилерские центры представлены во всех регионах РК.

История развития компании :

25 мая 2010 года – первичная регистрация ТОО «СарыаркаАвтоПром». Учредители: ОАО «Соллерс» (51%) и АО НК "СПК "Сарыарка" (49%).

25 августа 2011 года - в рамках двусторонних переговоров между Президентом Казахстана Нурсултаном Назарбаевым и Президентом Республики Корея Ли Мён Бак было подписано лицензионное соглашение о запуске новой линии мелкоузловой сборки (СКД) казахстанских внедорожников южнокорейской марки SsangYong.

30 января 2012 года – произошла перерегистрация Товарищества. АО НК «СПК «Сарыарка» передали свою долю АО «СПК «Тобол», а ТОО «Аллюр Авто» выкупило долю в Товариществе у ОАО «Соллерс».

3 июля 2012 года - подписан меморандум о намерениях сотрудничества между Министерством здравоохранения Республики Казахстан и ТОО «СарыаркаАвтоПром» на поставку переоборудованных автомобилей Ивеко под реанимобили.

17 июля 2012 года – Товарищество приступило к серийной сборке автомобилей УАЗ и Ивеко.

15 августа 2012 года - подписан договор финансового лизинга с Компанией БРК-Лизинг на сумму 61,9 млн. долларов США для приобретения необходимого технологического оборудования по сварке, покраске и сборке автомобилей SsangYong Nomad общей стоимостью \$72 910 000 долларов США.

Ноябрь 2012 года - предприятие успешно прошло процедуру подтверждения соответствия СМК требованиям СТ РК ИСО 9001-2009 применительно к производству, обслуживанию и переоборудованию автотранспортных средств, деталей, узлов и комплектующих.

12 февраля 2013 г. - в г. Астана был подписан меморандум с правительством Республики Казахстан о старте проекта «Организация производства автомобилей марки Toyota».

С начала 2013 года на предприятии внедряется система качества Kaidzen.

5 декабря 2013 года – состоялся запуск серийного выпуска тяжелой коммерческой техники Ивеко-682.

20 декабря 2013 года – посредством телемоста с участием Президента РК – Назарбаева Н.А., состоялся запуск полномасштабного производства автомобилей в Казахстане. ТОО «СарыаркаАвтоПром» стало площадкой для производства автомобилей марки SsangYong модели Nomad, включая сварку и окраску кузовов.

В декабре 2013 года автозавод стал обладателем специальной премии Президента РК «Алтын сапа» в категории «Лидер индустриализации» с прорывным проектом «Организация производства мелкоузловым методом автомобилей марки SsangYong Nomad, включая сварку и окраску кузовов».

12 июня 2014 года состоялся запуск производственной линии внедорожника Toyota Fortuner посредством телемоста с участием Президента РК Н.А. Назарбаева.

4 августа 2014 года получено официальное разрешение на серийный выпуск автомобилей Hyundai трех моделей: Elantra, i30, Tucson.

3 сентября 2014 года Глава государства Н.А. Назарбаев посетил производственные мощности завода, ознакомился с производством, а также оставил автографы на автомобилях «SsangYong Nomad» и «Toyota Fortuner», выпуск которых налажен методом CKD.

В августе 2015 года линейка производимых автомобилей Hyundai пополнилась 4 новыми моделями: Genesis, Grandeur, Santa Fe, Sonata.

В мае 2015 г. ТОО «СарыаркаАвтоПром» стало осуществлять крупноузловую сборку автомобилей Geely.

В апреле 2015 года ТОО «СарыаркаАвтоПром» получило разрешение на производство автомобилей JAC.

27 августа 2015 года завод «СарыаркаАвтоПром», входящий в состав «AllurGroup», победил в номинации «Лучшие товары для населения» на региональном конкурсе-выставке «Лучший товар Казахстана» с автомобилем Toyota Fortuner.

Апрель 2017 года – Запуск производства автобусов ANKAI

Декабрь 2017 года - Начало выпуска модели Chevrolet Niva

2018 год – запуск производства мелкоузловой сборки автомобиля JAC S3, включая сварку и окраску кузовов, пикапа JAC T6, а также техники

для сбора и транспортировки твердых бытовых и промышленных
отходов на базе шасси JAC
2019 год - Запуск производства пассажирских автобусов
транснационального бренда Yutong, в том числе на электрической тяге.

№ 4 Тексеру сынау түрі

1- тапсырма. Мәтін бойынша түйіндеме жазыңыз.

Аты-жөніңіз... Жасыңыз 29-да. Орал қаласында дүниеге келдіңіз. Заң және сыртқы экономикалық байланыс саласында жалақысы жоғары қызмет іздеп жүрсіз. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультетін әлемдік экономика мамандығы бойынша бітірдіңіз. «Синтез-А» Ашық акционерлік қоғамында қызмет істедіңіз. Ана тіліңіз – қазақ тілі, орыс және ағылшын тілдерін өте жақсы білесіз. Отбасыңыз бар. Сіздің бойыңыздағы жақсы қасиеттеріңіз: тез тіл табыса білу, жауаптылық, ұйымдастырушылық қабілет. Мекенжайыңыз...

2- тапсырма. Сұрақтарға үлгі бойынша жауап беріңіз.

Үлгі: – Сіз қазақша жаза аласыз ба?

– Жаза аламын.

– Иә, ол қазақша жаза алады.

1. Сіз ісқағаздарын қазақ тілінде жүргізе аласыз ба?
2. Сіз қазақша еркін сөйлей аласыз ба?
3. Сіз маған өмірбаян жазуға көмектесе аласыз ба?
4. Сіз компьютерде жұмыс істей аласыз ба?
5. Сіз менің сұрағыма жауап бере аласыз ба?
6. Сіз іссапарға бара аласыз ба?
7. Сіз ертең жұмысқа келе аласыз ба?
8. Сіз өмірбаян жаза аласыз ба?
9. Сіз мәтінді дұрыс оқи аласыз ба?
10. Сіз бүгін кешкі жаңалықтарды тыңдай аласыз ба?
11. Сіз мәтінді орыс тілінен қазақ тіліне аудару аласыз ба?

3- тапсырма. ҚР мемлекеттік марапаттарын атап-атап жазыңыз

4- тапсырма. Отбасы жағдайыңызға байланысты кезектен тыс демалыс сұрап, өтініш жазыңыз

5- тапсырма. Мекеменің белгілі бір қызметкерін «Іскер адам» атағына ұсыну үшін бөлім басшысы атынан мінездеме дайындаңыз.

ТЕРМИНДЕР СӨЗДІГІ (ГЛОССАРИЙ)

Термин	Эквивалент на русском языке	Определение на казахском языке	Определение на русском языке
Автокөлік	Автомобиль	тасымалдау үшін пайдаланылатын доңғалақты автокөлік. Автокөліктің көптеген анықтамаларында олар негізінен жолдармен жүреді, бір-сегіз адамға дейін, төрт шинасы бар және көбінесе тауарларды емес, адамдарды тасымалдайды делінген.	колесный автотранспорт, используемый для перевозки. В большинстве определений автомобиля говорится, что они движутся в основном по дорогам, вмещают от одного до восьми человек, имеют четыре шины и в основном перевозят людей, а не товары.
Автомобиль өңдеу	Автомобильные обработки	Автокөлік өңдеу және көлік құралдарын өңдеу-бұл жолдың сипаттамасы доңғалақты көлік жүргізушінің кірістеріне жауап береді, сонымен қатар жол немесе жол бойымен жүреді	Автомобильные обработки и обработки транспортных средств представляют собой описания пути колесное транспортное средство отвечает и реагирует на входы водителя, а также, как она движется вдоль дорожки или дороги
Автомобиль инженериясы	Автомобильная инженерия	Автомобиль инженериясы-	Автомобильная инженерия является

		<p>мотоциклдерді , автомобильдер мен жүк көліктерін жобалауға, өндіруге және пайдалануға қатысты механикалық, электрлік, электронды, бағдарламалық және техникалық қауіпсіздік элементтерін және тиісті инженерлік ішкі жүйелерді қамтитын автомобиль технологиясын ың саласы</p>	<p>отраслью автомобильной техники, включающей элементы механической , электрической , электронной , программной и технической безопасности применительно к проектированию, производству и эксплуатации мотоциклов , автомобилей и грузовиков и соответствующие инженерные подсистемы</p>
Автобус	Автобус	<p>жолаушылардың көп санын тасымалдауға арналған жол көлік құралы</p>	<p>дорожное транспортное средство, предназначенное для перевозки большого количества пассажиров .</p>
Көмекші процесс	Вспомогательный процесс	<p>негізгі процестердің тиімді жүруін қамтамасыз ететін процесс.</p>	<p>процесс, обеспечивающий эффективное протекание основных процессов.</p>
Бұранда	Винт	<p>бөлшектерді бірін-бірімен қосып біріктіру, қосындыны нығыздау немесе бөлшектердің бір-біріне қатысты</p>	<p>предназначен для соединения деталей друг с другом, уплотнения соединения или обеспечения движения деталей относительно друг друга</p>

		қозғалысын қамтамасыз ету үшін арналған	
Білік	Вал	деталь машины для передачи крутящего момента машины и механизмов и сопровождени я вращения вращающихся вместе с ней деталей	машина мен механизмдердің айналдыру моментін жеткізуге және онымен бірге айналатын бөлшектердің айналысын сүйемелдеуге арналған машинаның бөлшегі
Выкатной	Выкатной	бұл шасси немесе рамка ол дөңгелектер мен осьтердің модульдік құрастыру түйініне машинаға бекітілген доңғалақты алып жүреді .	это шасси или каркасоторый несетсебе колесный , прикрепленном к машино-на модульный сборочный узел колес и осей .
Деталь	Деталь	құрастыру операцияларын қолданбай, атауы мен маркасы бойынша біртекті материалдан жасалған бұйым.	изделие, изготавливаемое из однородного по наименованию и марке материала без применения сборочных операций.
Күпшек, төлке	Ступица, втулка	машинаның, механизмдер мен приборлардың білік немесе басқа бір бөлшек	машина, механизмы и приборы имеют цилиндрическую или коническую форму с отверстием для стержня, таким как вал или другая деталь.

		сұғылатындай өзектік тесігі бар әрі цилиндр немесе конус пішінді бөлшегі.	
Конденсатор	Конденсатор	заттың газ тәрізді күйден сұйық затқа немесе кристалды затқа айналуын жүзеге асыратын аппарат	аппарат, осуществляющий превращение вещества из газообразного состояния в жидкое вещество или кристаллическое вещество
Қозғалтқыш	Двигатель	қозғалысқа келтіретін қандай да бір энергия түрін механикалық жұмысқа түрлендіретін күш-қуат машинасы	силовая машина, преобразующая в механическую работу какой-либо вид энергии, приводящий в движение
Машина	Машина	механикалық қозғалысқа түсіп, энергия, материал және ақпарат түрлендіруге арналған құрылғы.	устройство для преобразования энергии, материала и информации в механическое движение.
Муфта	Муфта	техникада біліктерді, құбырларды, болат арқандар мен кабельдерді, т.б. жалғастыруға арналған құрылғы.	устройство для соединения валов, труб, стальных канатов и кабелей и т.д.

Машиностроение	Машина жасау	еңбек құралдарын, көліктерді және де қолданыстағы заттар мен қорғаныс өнімдерін жасайтын өндіріс салаларының кешені	
Металлургия	Металлургия	ғылымның, техниканың, өнеркәсіптің кеннен немесе басқа да материалдардан металл алу процестерін, сондай-ақ металл қорытпаларға олардың химиялық құрамы мен құрылымын өзгерту арқылы қажетті қасиеттер беру процестерін қамтитын саласы	отрасль науки, техники, промышленности, включающая процессы получения металлов из руды или других материалов, а также процессы придания сплавам металлов необходимых свойств путем изменения их химического состава и структуры
Ось	Ось	бұл айналмалы доңғалақ немесе беріліс үшін орталық білік.	это центральный вал для вращающегося колеса или шестерни.
Негізгі процесс	Основной процесс		один из технологических процессов непосредственного изготовления деталей и изделия в целом.

Мойынтірек	Подшипник	бұл машинаның элементі, ол салыстырмалы қозғалысты тек қалаған қозғалыспен шектейді және қозғалатын бөліктер арасындағы үйкелісті азайтады .	это элемент машины, который ограничивает относительное движение только желаемым движением и уменьшает трение между движущимися частями .
Бөлшек позициясы	Позиция детали	өңделетін дайындаманың станокты өңдеу аймағында оны бір бекіту кезінде орналасуы	положение обрабатываемой заготовки в зоне обработки станка при одном ее закреплении
Өндірістік процесс	Производственный процесс	осы кәсіпорында өнімді өндіру және жөндеу үшін қажетті адамдар мен құралдардың барлық әрекеттерінің жиынтығы	совокупность всех действий людей и орудий труда, необходимых на данном предприятии для изготовления и ремонта продукции.
Бөлшектің жұмыс сызбасы	Рабочий чертеж детали	қажетті параметрлермен бөлшектерді жасау үшін қажетті барлық ақпаратты орналастыратын дизайнер жасаған сурет	чертеж, составленный конструктором, на котором размещена вся информация, необходимая для изготовления детали с требуемыми параметрами
Белбеу	Ремень	бұл екі немесе одан да көп айналмалы біліктерді	это петля из гибкого материала, используемая для механического соединения двух и более

		механикалық жалғау үшін қолданылатын икемді материалдың ілмегі, көбінесе параллель	вращающихся валов , чаще всего параллельно.
Желімделген тығыздау	Склеенное уплотнение	бұранданы немесе болтты тығыздау үшін қолданылатын жуғыштың түрі	тип шайбы, используемый для уплотнения винта или болта
Машина жасау технологиясы	Технология машиностроения	бөлшектерді дайындау, қосылыстарды, механизмдер мен машиналарды құрастыру процестері туралы ілім, сондай-ақ дайын өнімді сынау.	учение о процессах изготовления деталей, сборки соединений, механизмов и машин, а также испытаний готовой продукции.
Технологиялық процесс	Технологический процесс	берілген параметрлерге қол жеткізуге тікелей байланысты барлық процестердің жиынтығы дайын бұйымдар	совокупность всех процессов, непосредственно связанных с достижением заданных параметров готового изделия
Бөлшектерді өңдеудің технологиялық процесі	Технологический процесс механической обработки детали	дайындаманы оның беттерінен механикалық алып тастау арқылы дайындаманы дайын бөлікке	последовательное превращение заготовки в готовую деталь путем механического снятия припуска с ее поверхностей.

		дәйекті түрде айналдыру.	
Дайындаманы орнату	Установка заготовки	станоктың үстелінде бекітілген бейімделу корпусына қатысты станоктың жұмыс аймағында дайындаманың белгілі бір орнын құру.	создание определенного положения заготовки в рабочей зоне станка относительно корпуса приспособления, закрепленного на столе станка.
Кузов	Шанақ	тасымал жүкті орналастыру қызметін атқарады және таситын жүктің түріне қарай әртүрлі болады	перевозка служит для размещения груза и варьируется в зависимости от вида перевозимого груза
Шасси	Шасси	жер үсті көлік құралы-трансмиссия агрегаттарының, жүріс бөлігі агрегаттарының және басқару тетіктерінің жинақталған жиынтығы	наземного транспортного средства — собранный комплект агрегатов трансмиссии, агрегатов ходовой части и механизмов управления.

Пайдаланған әдебиет тізімі

НЕГІЗГІ

1. Қазақтан Республикасының «Білім туралы Заңы»
2. Техникалық кәсіби білім берудің жалпы мемлекеттік стандарты
3. Қостанай облыстық ТЖКО АҒӘО 2013 ж, Білім басқармасының техникалық және кәсіби білім берудің мамандықтары бойынша оқу пәндерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары және жұмысшы оқу бағдарламаларының әдістемелік нұсқаулықтары.
4. Д. Серікбаев, С.Тәжібаев «Машина детальдары» алматы Мектеп 1983ж.
5. С.Тәжібаев «Қолданбалы механика» Алматы Білім 1994ж.
6. Г.Гузенков «Детали машин» Москва Высшая школа 1982г.
7. Р.Бакиров, В. Сульменов «Металдар технологиясы» алматы Мектеп 1987ж.
8. Т.Мендебаев, А.Габдуллина, К.Шеров «Машина жасау технологиясы», оқулық. Алматы, 2013
9. Агабекян И. Английский для технических вузов. Ростов-на-Дону: Феникс, 2008 – 347 с.
10. Анурьев В.И. «Справочник конструктора-машиностроителя», 5-ое издание, перераб. И доп. – М.: «Машиностроение», 1979 – 557 с.
11. Мейрамова С., Ибрагимова К. Английский язык (практический курс): Учебник. Астана: Фолиант, 2010 – 432 с.
12. Парахина А., Тылкина С. Учебник английского языка: Для средних специальных учебных заведений. Москва: Высшая школа, 1987. – 384 с.

ҚОСЫМША

1. Ш. Бектұров, А. Бектұрова. «Қазақ тілі для начинающих» . Алматы. Рауан 1994ж.
- 2 Т.Т. Аяпова. «Қазақ тілі» . Алматы. Ғылым 1998ж.
- 3 А.О. Муса, І.М. Төленов, Е.К. Құдайбергенов. «Қазақ тілінің практикалық курсы» .
- 4 Барановская Т. Грамматика английского языка. Сборник упражнений: Учебное пособие. Киев: ООО «ИП Логос», 2002 – 368 с.
- 5 Бельшева Е. Русско-английский разговорник. Санкт-Петербург: ООО «Виктория плюс», 2000 – 240 с.
- 6 Мюллер В., Боянус С. Англо-русский словарь. Киев: Каннон, 1998 – 688 с.